Пән бойынша оқыту бағдарламасының (Syllabus) титулдық парағы

Нысан

ПМУ ҰС Н 7.18.3/37

Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігі

С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті

Гуманитарлық-педагогикалық факультет

5В040500 «Журналистика» мамандығының студенттеріне арналған

«Қазақ әдебиетінің тарихы»

ПӘНІ БОЙЫНША ОҚЫТУ БАҒДАРЛАМАСЫ

(Sүllabus)

Павлодар

Пән бойынша оқыту
бағдарламасын (Syllabus)
бекіту парағы

Нысан

ПМУ ҰС Н 77.18.4/19

БЕКІТЕМІН

ГП факультетінің деканы

_____ Ж.Т.Сарбалаев

« ___» _____2013 жыл

Құрастырушы: ф.ғ.к., доцент Муталиева Р.М.

Қазақ филологиясы кафедрасы

5В040500 «Журналистика» мамандығының студенттеріне арналған

«Қазақ әдебиетінің тарихы»

пәні бойынша оқыту бағдарламасы (Syllabus)

Бағдарлама 2013ж. «___» _____бекітілген жұмыс оқу бағдарламасының негізінде әзірленді.

Кафедра отырысында ұсынылды 2013ж. «___»_____№_____ Хаттама

Кафедра меңгерушісі _____ Жүсіпов Н.Қ. 2013ж. «____» _____

Гуманитарлық-педагогикалық факультеттің оқу-әдістемелік кеңесімен мақұлданды 2013ж. «_____»_____ №____ Хаттама

ОӘК төрағасы _____ Ксембаева С.К. 2013ж. «_____»_____

1. Оқу пәнінің паспорты

Пәннің атауы «Қазақ әдебиетінің тарихы»

Кредит саны мен оқу мерзімі
Барлығы – 3 кредит
Курс: 3
Семестр: 6
Аудиториялық сабақтар – 45 сағат
Дәрістер – 30 сағат
Тәжірибелік – 15 сағат
СОӨЖ – 22,5
Соның ішінде СӨЖ – 90
Еңбек сыйымдылығы барлығы – 135 сағат

Бақылау формасы
Емтихан – 6 семестр

Пререквизиттер

- Әдебиеттануға кіріспе

Постреквизиттер

2 Оқытушылар туралы мәліметтер және байланысу ақпараттары
Аты-жөні: Муталиева Раушан Мамырқызы
Ғылыми дәрежесі, атағы, қызметі: гуманит. ғыл. магистрі, аға оқытушы
«Қазақ филологиясы» кафедрасында «А» корпусында (Ломов к-сі, 64) 356 аудиторияда орналасқан.
Байланысу телефоны: Тел. (12-55) 356 кабинет

2 Пәні, мақсаты мен міндеттері

Пән: «Қазақ әдебиетінің тарихы»

«Қазақ әдебиетінің тарихы» пәнін жоғары мектепте оқытудың негізгі мақсаты – маман әдебиетші дайындау, оның жалпы қазақ әдебиеті туралы ғылымды жүйелі түрде меңгеру, игеру міндетімен сабақтас.

Пәнді оқыту мақсаты:

«Қазақ әдебиетінің тарихы» - ұлттық сөз өнері тарихының барлық кезеңін қамтитын пән. Пәннің мазмұнында ауызша дәстүрлі жыраулық дәстүрден бастап, қазіргі кезеңге дейінгі әдебиеттің көркемдік, стильдік жалғастық мәселелері ғылыми-теориялық тұрғыда түсіндіріледі.

Пәннің міндеттері:

- өлеңдерді жанрлық, идеялық, құрылыстық жағынан талдай білуі;
- жекелеген автордың шығармашылық ерекшеліктерін танытуда, ақын-жыраулар өлеңдерін жатқа білу, прозалық шығармаларды талдай білу;
- образдар жүйесіне талдау жасай білу;
- шығарманың көркемдік ерекшелігін айқындай білу.

3 Білім, икемділік және дағды-машықтарға қойылатын талаптар

Пәнді оқу нәтижесінде студенттердің:

- Ежелгі және қазақ хандығы дәуіріндегі ақын-жыраулардың шығармаларының мәтіндерімен таныс болу;
- ақын-жазушылар шығармаларының көркемдік ерекшелігін талдай білуі тиіс;
- ақын-жазушылар шығармаларының образдар жүйесін талдай білуі тиіс;
- ақын-жазушылар шығармаларының идеясын аша білуі тиіс.;
- ақындар өлеңдерін жатқа білуі тиіс.
- студенттер тақырып таңдау, материал жинау, конспекті жазуды меңгере білуі;
- ақын-жазушылар шығармаларын ажырата алу;
- ақын-жазушылар шығармаларының идеялық, эстетикалық мазмұнын аша білу;
- ақын-жазушылар шығармаларынталдаудағы оның табиғатын білуі;
- ақын-жыраулардың шығармаларын идеялық-көркемдік тұрғыда талдай білу;
- ақын-жыраулар өлеңдерін жатқа білу.

5 Пәнді оқудың тақырыптық жоспары

Сабақ түрлері бойынша академиялық сағаттарды бөлу

Пәннің тақырыптық жоспары							
№	Тақырып	Сабақ түрлері бойынша қарым-қатынастық сағаттар саны					
		дәріс	Пр	Зерт	Студ	же ке	СӨЖ
1.	Орхон жазуындағы жәдігерліктер	1	1				5
2.	Қорқыт ата кітабы. Оғыз-наме(«Оғыз-қаған» эпосы)	1					5
3.	Әбу-Насыр әл-Фараби(870-950)	1					5
4	М.Қашғари «Диуани лұғат ат- түрк(Түркі сөздерінің жинағы»). Ж.Баласағұн. Құтты білік.	1					5
5	А.Иүгінеки. «Хибатул-Хақайық» («Ақиқат сыйы»). А.Яссауи «Диуани хикмат» («Даналық кітабы»). Рабғузи. «Қиссас-ул-әнбия»	1	1				5
6	Жыраулар поэзиясы. Бұқар жырау.	1	1				7
7	XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті. Абай. Махамбет. Ыбырай. Зар заман ақындары: Дулат, Мұрат, Шортанбай.	1					5
8	XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті. А.Байтұрсынов, М.Дулатов, С.Торайғыров, Шәкәрім шығармалары	1	1				6
9	М.Жұмабаев	1	1				5
10	Ж.Аймауытов	1					5
11	С.Сейфуллин	1	2				5
12	Б.Майлин	2					5
13	І.Жансүгіров	1					5
14	М.Әуезов	7	4				5

15	Ғ.Мүсірепов	3	1				2
16	С.Мұқанов	1	1				1
21 17 1	Ә.Нұрпейісов	2	1				2
19 Қ. Аманжолов 18	М.Мақатаев	1					5
20	О.Бөкей	1					5
Барлығы: 135 (3 кредит)	30	15				90	

6 Дәріс сабақтарының мазмұны

1-тақырып. Орхон жазуындағы жәдігерліктер

Жоспар:

1. Орхон-енисей ескерткіштері
2. Күлтегін жыры
3. Тонықөк жыры

1. «Орхон»немесе «руна» деп аталатын жазулар. Ежелгі түріктердің наным-сенімдері, исламға дейінгі діни ұғым-түсініктер. Табыну; Көк тәңірі, Жер тәңірі, Ұмай-ана.

2. Ежелгі түрік мемлекетінің көрнекті әскери қолбасшысы Күлтегін батыр (684-731ж), оның ағасы елбасы Білге қаған (683-734ж)

3. Білге қағанның кеңесшісі Тонықөк туралы тасқа қашап жазылған дастандар.

Ұсынылатын әдебиет: [1], 1-22 беттер; [2], 1-47 беттер.

«Күлтегін» жырының көркемдік ерекшелігі

Жоспар:

1. «Күлтегін», «Білге қаған» және «Тонықөк» жырларының көркемдік ерекшелігі.
2. Тасқа жазылған дастандардың композициялық құрылысы.
3. «Күлтегін» жыры мен қазақ эпосы.

1. «Күлтегін», «Білге қаған» және «Тонықөк» жырларында жиі қолданылатын теңеу, метафора, аллегория, гипербола, эпитет, қанатты сөздер, мақал-мәтелдер туралы.

2. Тасқа жазылған дастандардың композициялық құрылысы. Автор ойының циклдық жүйе арқылы берілуі. Ежелгі түркі позициясының өзіндік әдеби дәстүрі.

3. «Күлтегін» жыры мен қазақ эпосы.

Ұсынылатын әдебиет: [3], 1-22 беттер; [4], 1-47 беттер.

2-тақырып. Қорқыт ата кітабы

Жоспар:

1. Қорқыт ата кітабы.
2. Тасқа жазылған дастандардың композициялық құрылысы.
3. Қорқыт ата мұрасының зерттелуі.

1. Қорқыт ата кітабы («Китаби дедем Коркуд»).

«Қорқыт ата кітабы» - оғыз-қыпшақ әдеби ескерткіші. Қорқыт атаның сыйқырлы күйлері.

2. Қорқыт атаның өсиеттері, ғибрат сөздері, мақал-мәтелдері. «Қорқыт ата кітабын» зерттеуші, тәржімелеуші Еуропа және орыс ғалымдары.

3. Қорқыт ата мұрасын зерттеу, қазақ тіліне аудару ісіне қазақ ғалымдарының қосқан үлесі.

Ұсынылатын әдебиет: [5], 1-22 беттер; [6], 1-47 беттер.

Оғыз-наме («Оғыз-қаған» эпосы)

Жоспар:

1. «Оғыз-наме» эпосы.
2. «Оғыз-наме» эпосының нұсқалары.
3. «Оғыз-наме» эпосының зерттелуі.
4. «Оғыз қаған» эпосы мен «Қобланды батыр» жырының ұқсастығы.

1. «Оғыз-наме» эпосының қаһармандары - Оғыз қаған, оның балалары, Ұлы Түрік, Алтын Қаған, Урум қаған, Урус бек, Сақлаб, Ұлы Орда бек, Қағарлық ер, Темір Қағұл Жосун ер, Көк Бөрі, т.б.

2. «Оғыз-наме»эпосының нұсқалары.Ұйғыр әрпімен және араб әрпімен жазылған нұсқалары.

3. «Оғыз қаған» еңбегін қазақ тілі мен әдебиеті тұрғысынан тұңғыш зерттеуші Қ.Өмірәлиевтің ғылыми еңбектері.

4. «Оғыз-наме» эпосы мен және қазақ әдебиеті. «Оғыз қаған» эпосы мен «Қобланды батыр» жырындағы ұқсас көріністер. Эпостың тілі, көркемдеу әдістері.

Ұсынылатын әдебиет: [7], 31-42 беттер; [8], 81-87 беттер.

3-тақырып. Әбу-Насыр әл-Фараби (870-950)

Жоспар:

1. әл-Фарабидің ғылыми зерттеу еңбектері.
2. «Қайырымды қала тұрғындары», «Бақытқа жету жайында» трактаттарының әдеби мәні.

1. Әл-Фарабидің философия, этика, логика, тіл білімі, әдебиеттану,музыка,т.б. салалар бойынша жазған зерттеулері.

2. Философиялық трактаттары; «Қайырымды қала тұрғындары», «Бақытқа жету жайында», «Данышпандықтың інжу маржаны», «Ғылымдардың шығуы», «Философияны оқу үшін алдымен не білу керек», «Аристотель еңбектеріне түсіндірме», т.б.

Ұсынылатын әдебиет: [2], 231-239 беттер; [4], 1-47 беттер.

4-тақырып. М.Қашғари «Диуани лұғат ат-түрк (Түркі сөздерінің жинағы»)

Жоспар:

1. «Диуани лұғат ат-түрік» сөздігінің әдеби мәні, зерттелуі.
2. Сөздіктегі мақал-мәтелдер, тұрмыс-салт жырлары.
3. Сөздіктегі табиғат туралы, аңшылық жайындағы өлең-жырлар.

1. «Диуани лұғат ат-түрік» - түрікше-арабша түсіндірме сөздік.Қазіргі түркі тілді халықтардың барлығына ортақ мұра.

2. «Диуани лұғат ат-түрік» - тек сөздік қана емес, сонымен бірге орта ғасырдағы түркілердің қоғамдық, рухани, ғылыми, мәдени, әдеби, саяси өміріне, көне тарихы мен әдет-ғұрпына, салт-санасы мен наным-сеніміне,т.б. қатысты бағалы деректері мол жинақ.

3. Табиғат туралы өлең-жырлар. Алғауыщқы қауымда тіршілік еткен адамдардың ерекше назар аударған нәрсесі – табиғат құбылыстары болды. Ежелгі дәуір адамдарының табиғатқа жас баладай қызығып, тамсанып қарайтынын мына өлең жолдардан көреміз: «Қар, мұз еріді, тау суы аға бастады. Көгілдір бұлт көтерілді, ол суда жүзген қайықтай аспанда жүзіп бара жатты. Бұлттар ойнай бастады. Сарқырап сел ақты. Бұған жұрттың бәрі абыржып қалды. Найзағай ойнап, күннің күркіреген үрейлі даусы естілді».

Сөздіктегі жаз бен қыстың айтысы туралы мәлімет беру.

Аңшылық жайындағы өлеңдер. Алғашқы қауым адамының тіршілік көзі – аңшылық болған. Бертін келе мал шаруашылығы мен егіншілік те адамның күн көріс кәсібіне айналды. Махмұт Қашқаридің түркі сөздерінің жинағы арқылы юізге жеткен алғашқы қауцым адамадарының еңбек жөніндегі өлең-жырлары – сол дәуір адамдарының аңшылық, егіншілік және мал өсіру саласындағы өмірлік, еңбек процесі, тайпа мүшелерінің қауымдасқан тұрмыс-тіршілігін бейнелейтін шығарма екендігі.

Ұсынылатын әдебиет: [6], 1-22 беттер; [8], 1-47 беттер.

Ж. Баласағұн «Құтадғу біліг (Құтты білік»)

Жоспар:

1. Ж.Баласағұнның «Құтты білік» дастанының зерттелуі, нұсқалары.
2. Дастанның сюжеті, құрылысы.
3. «Құтты біліктегі» «ақыл», «білім», «әдептілік», «тәлім-тәрбие» туралы.

1. «Құтты білік» дастанының негізгі идеясының мемлекетті дұрыс басқару мәселесі екендігі. Дастанның басты идеясы төрт принципке негізделіп жазылғаны: әділдік, бақ-дәулет, ақыл-парасат, қанағат.

2.«Құтты білік» - дидактикалық дастан. Төрт принциптің символы ретінде көрінетін төрт қаһарманы: Күнтуды патша, уәзірі Айтолды, уәзірдің баласы Ұғділміш, дәруіш Одгурміш.

3. Дастанда оқу-білім, ғылым мәселелріне арналған арнайы тараулар бар. Сонымен бірге, ақын мемлекет, қоғам, ел басқарған әкімдер, мораль, этика, т.б. мәселелрге арналған тараулары да білімнің күш-құдыретін ардақтап, ғалымдарды көкке көтере мадақтайды.

Ұсынылатын әдебиет: [3], 1-22 беттер; [7], 58-77 беттер.

5-тақырып. А.Иүгінеки. «Хибатул-Хақайық» («Ақиқат сыйы»)

Жоспар:

1. А.Иүгінеки. «Хибатул-Хақайық» («Ақиқат сыйы») дастанының зерттелуі, нұсқалары.
2. Дастанның көркемдік ерекшелігі.
3. Дастанның негізгі тарауларының тақырыптық атаулары.

1.«Ақиқат сыйы» - дидактикалық сарында жазылған шығарма. Компазициялық құрылысы, идеялық мазмұны. Қоғамдағы моральдық ұғымдар мен мінез-құлық, әдептілік, тілді тыйып ұстау, жомарттық, мейірімділік, ізгі қасиеттер туралы.

2. «Ақиқат сыйы» - әрбір сөзді ажарлап, құбылтып та шебер пайдалана білетін сөз зергері. Дастан негізінен дидактикалық сарындағы ақыл, өсиет, уағыз, ғибрат сөздерден тұрады. Ақын өзі хикаялап отырған құбылыстың ерекше белгілерін ажарлап, оған үстеме мағына беріп,көркіне көрік қосып суреттеу үшін теңеу әдісін кеңінен қолданады.

3. Дастанның негізгі тарауларының тақырыптық атаулары: «Бұл кітаптың жазылу себебі мен оның қажеттілігі», «Білімнің пайдасы мен оның қажеттілігі», «Білімнің пайдасы мен надандықтың зияны туралы», «Тілді тыю - әдептілік пен тәртіптіліктің шарты екендігі туралы.

Ұсынылатын әдебиет: [5], 76-83 беттер; [7], 89-95 беттер.

А. Яссауи «Диуани хикмат» («Даналық кітабы»)

Жоспар:

1. «Диуани хикмат» дастанының зерттелуі, нұсқалары.
2. Дастанның көркемдік ерекшелігі.
3. С.Бақырғанидың «Бақырғани кітабы».

1. «Диуани хикмат» - исламның дін-шариғат жолдарын дидактикалық мазмұнда поэзия тілімен бейнелеген жыр жинағы.

2. «Даналық кітабы» адамзатты туыстыққа, бауырмалдыққа, ізгілікке, имандылыққа шақырып, мұсылман дінінің қағида шарттарын, Алланы танудың жолдарын баяндайды. «Диуани хикматтың» сопылық ағымның философиялық ой-пікірлері: әділдік жолына түсу, ақиқатты іздеп табу, адамның рухани өмірінің таза болуы.

3. Сүлеймен Бақырғани «Бақырғани кітабы».

«Бақырғани кітабының» негізгі идеясы - сопылық дәстүрді мадақтау, адамгершілікке, адалдыққа,бауымалдыққа үндеу. Гуманистік ой-пікірді ислам діні қағидалары тұрғысынан баяндау. «Бақырғани кітабының» қазақша аударылуы (Б.Сағындықов).

Ұсынылатын әдебиет: [8], 69-73 беттер; [9], 76-88 беттер.

Н.Рабғузи. «Рабғузи қиссалары», «Кодекс куманикус» жинағы.

Жоспар:

1. «Рабғузи қиссалары».
2. «Кодекс куманикус» сөздігі.

1. Рабғузи –Алтын Орда дәуірі әдебиетінің ірі өкілдерінің бірі. «Рабғузи қиссалары» (1310 ж.) - табиғат, дүние құбылыстары, жаратылыстың пайда болуы, халифтар, пайғамбарлар, Адам ата, Жер ана,Көк, Ай мен Жұлдыз, шайтан мен періште т.б. туралы шығыстық сюжеттегі қисса-аңыздар, өлең-жырлар жинағы.

2. «Кодекс Куманикус» – кумандардың кітабы, қыпшақ тілінің сөздігі, қыпшақ тілінің сөздігі, қыпшақ тілі туралы жинақ. «Кодекс Куманикустің» (1303 ж.) екі бөлімнен тұратындығы. 1-бөлім - латынша, парсыша, куманша сөздік. «Кодекс Куманикустағы» жұмбақтар, христиан аңыздарынан алынған түрлі уағыз-өсиет сөздер. Христостың өмірі, Мария Ананың әулиелігі, киелі апостолдар жөніндегі діни хикая-аңыздар.

Ұсынылатын әдебиет: [8], 96-110 беттер; [10], 201-209 беттер.

6-тақырып. **Жыраулар поэзиясы. Бұқар жырау**

Жоспар:

1. XY-XYI ғасырлардағы қазақ әдебиетінің зерттелуі.
2. Асан қайғы өмірі, шығармашылығы, толғаулары.
3. Қазтуған жырау шығармашылығы.

1. Қазақ халқының қалыптасу процесінің аяқталуы, феодалдық қатынастардың дамуы. XYI ғ. қазақ хандығының нығайып, территориялық жағынан ұлғаюы. Алғашқы қазақ заңы – «Қасым ханның қасқа жолының» жасалуы. XYI ғ. екінші жартысында әлсіреген хандықты біріктіруде Ақназар ханның үлесі.

2. Асан қайғы (Хасан Сәбитұлы XIY-XY ғғ.) өмірі туралы мәлімет. Аңызға айналған данышпан. Аңыздардағы қиял мен тарихи шындықтың көрінісі. «Жеруйық» идеясының көрініс табуы. Асан толғауларының тақырыптық ерекшеліктері, дидактикалық сарын. Әз Жәнібек ханға айтқан арнау-толғаулары. Болжалдық сарын. («Ай, хан, мен айтпасам, білмейсің», «Қилы-қилы заман болмай ма» тирадасы).

3. Қазтуған жырау шығармашылығы.

Қ. Сүйіншіұлы – қазақ әдебиеті тарихында шығармалары өз атымен жеткен алғашқы автор. «Бұдырайған екғ шекелі» толғауындағы Қазтуғанның өз бейнесі. Жыраудың толғауларындағы суреттеулер мен образдар.

Қазтуған – жорықшы, жауынгер жырауға Мұрат ақын «Қазтуған» деген жыр арнаған. Мұнда Қазтуған бейнесі жауынгер – жыраудың көшпенділер тұрмысы тудырған ерекше қасиеттерге баламалануы.

Ұсынылатын әдебиет: [11], 61-82 беттер; [12], 19-27 беттер.

XYI ғ. қазақ әдебиеті. Доспамбет жырау. Шалкиіз жырау.

Жоспар:

1. Доспамбет жырау шығармашылығы.
2. Шалкиіз арнау толғаулары.

1. Қазақ хандығының құрылу кезеңінде өмір сүрген, ұлттық әдебиеттің қалыптасуында көрнекті рөл атқарған – Доспамбет жырау. Жыраудың өмірінен мәлімет. Жырау толғауларының басты идеясы – ерлікті, батырлықты дәріптеу. Елді-жерді қорғау міндеті, майданда шаһит кешу, соғысып өлу арманының көрініс табуы («Қоғалы көлдер, қом сулар», «Айналайын Ақ Жайық», «Сере, сере, сере қар»). Доспамбет жырау толғауларында билеуші қауымның салтанатты өмір-тұрмысының жырлануы. Өз заманының белді өкілі болған Доспамбеттің өмір салты көрініс табуы. («Тоғай, тоғай, тоғай су»), дүниенің өткіншілігі, адам өмірі туралы ой толғаныстарының жырлануы.

2. Ш.Тіленшіұлы (1456-1560) – қазақ поэзиясында философиялық бағыттың негізін салушы, жаңашыл жырау. Жыраудың өмірбаяны. Шалкиіз - әскербасы, батыр. Поэзиясы – белгілі дәрежеде жаугершілік поэзия, рухы – ерлік. Ұрыс даласындағы батырдың қимыл-қозғалысын жанды суреттер арқылы жеткізу, батыр бейнесінің статикалық күйде сомдалу үлгілері. Би Темірге арналған толғаулары («Аспанды бұлт құрсайды», «Қара бас күспен шалдырып»). Арнау-толғауларындағы заман тынысы, хан мен жырау қарым-қатынасы. Шалкиіздің ақындық шеберлігін танытатын көркемдік тәсілдер. Жырау шығармашылығының зерттелуі.

Ұсынылатын әдебиет: [13], 81-96 беттер; [14], 89-110 беттер.

XYII ғ. қазақ әдебиеті. Жиембет жырау Марғасқа жырау.

Жоспар:

1. Жиембет Бортоғашұлы толғаулары.
2. Марғасқаның «Ей, Қатағанның хан Тұрсын» толғауының шығу тарихы.

1. Қазақ әдебиеті тарихында XYIIғ. әдебиетінен қалған нұсқалар өткен дәуірмен салыстырғанда біршама аз. Бұл кезеңдегі поэзияның ірі өкілі – Жиембет жырау және жалғыз толғауы ғана сақталып жеткен – Марғасқа жырау. Жыраулардың шығармашылық өмірбаяны Есім ханмен байланысты.

Жиембет Бортоғашұлы (XYII ғасыр) – Есім ханның әскербасы батырларының бірі әрі жорықшы жырауы, қабырғалы биі. Жырау өмірінен мәлімет берер аңыз әңгімелер. Жиембеттен қалған елеулі мұра – Есім ханға арналған толғаулары. Арнау-толғауларындағы Жиембеттің хан мен халық алдындағы үлкен еңбегі, жоғары беделді көрініс табуы. Арнау-толғауларында билеуші мен жырау арасындағы қайшылықтардың суреттелуі және хан дәрменсіздігінің әшкереленуі, толғаудың сыншылдық сипаты.

2. Марғасқа жырау (XYII ғасыр) – Есім ханның батырларының бірі, жырау. Өткір тілді, суырып салма өнердің шебері. Марғасқа жырау – ерлікті, беріктікті жырлаушы. «Ей, Қатағанның хан Тұрсын» толғауының шығу тарихы.

Ұсынылатын әдебиет: [13], 56-68 беттер; [14], 96-123 беттер.

XYIII ғ. қазақ әдебиеті. Ақтамберді жырау. Үмбетей жырау. Тәтіқара Шал ақын. Бұқар жырау. Көтеш ақын.

Жоспар:

1. Ақтамберді жырау толғаулары.
2. Үмбетей жырау толғаулары.
3. Тәтіқара толғаулары.
4. Шал ақын толғаулары.
5. Бұқар жырау толғаулары.

6. Көтеш ақын өлеңдері.

1. XYIII ғасырдағы қазақ халқының саяси-экономикалық даму жағдайы. XYIII ғасырдың қазақ қоғамының тарихында аса бір қиын да күрделі кезең болғаны, осы кезеңдегі қазақтар иен жоңғар қалмақтары арасындағы соғыстар.

XYIII ғасыр поэзиясында жыраулық дәстүрдің одан әрі дамуы және ақындық поэзияның алғашқы өкілдерінің шығуы. Жыраулық поэзиясының тақырыптық, көркемдік жағынан толығуы. Адам образының жасалуы, тарихи тұлғалар бейнесінің жырлануы. Ақындар поэзиясының ең көрнекті өкілдері – Көтеш және Шал ақындардың шығармашылығы.

Ақтамберді Сарыұлы (1675-1768) – жоңғарларға қарсы күрес дәуірінде қол бастаған батыр, жортуыл жыршысы. Жыраудың өмірінен мәлімет. Ең қиын кезеңде өмір сүрген Ақтамбердінің жоңғарларға қарсы күресті ұйымдастырушы болғаны. Толғауларындағы басты сарын - ерлікке, батырлыққа шақыру. Жыраудың «Жағалбай деген ел болар», «Жағаға қолдың тигенін», «Жел, жел есер, жел есер» толғауларындағы жалғыздық, жарлылық мәселелерінің жырлануы.

2. Үмбетей (1706-1775) -өз дәуірінің аса маңызды мәселелерін жырлаған үлкен тыныстыжырау. Үмбетей жырау толғауларында ел тұрмысындағы маңызды мәселелер, батырлардың ерлігі мадақталып,жырлануы. Үмбетей –Абылай және XYIII ғ батырлары жайындағы жырларды туғызушылардың бірі. Жырау толғауларында ел, жер тарихы туралы деректердің берілуі.Үмбетейдің даңқын шығарған «Бөгембай өліміне», «Бөгембай өлімін Абылай ханға естірту». Толғаулары. Жырау шығармашылығындағы жоңғарға күрестің қаһарманы, атақты қолбасшы Бөгембай образының жасалуы.

3. Тәтіқара ақын - қазақ халқының тарихында сырт жауларға қарсы күрестің ұраншысы, жауынгер ақын. Тәтіқара ақынның Абылай ханның жортуыл жыршысы болуы.Ақын өмірінен деректер. «Қамыстың басы майда, түбі сайда» толғауы ерлердің рухын көтеру, жігерлендіру үшін айтылғаны. Абылайға арналған «Кебеже қарын , кең құрсақ» өлеңіндегі ақынның турашылдығы.

4. Шал (Тілеуке) Құлекеұлы- жыраулық поэзия үлгісінен өзгешелеу, жаңа типтегі ақын. Шал ақынның өмірінен мәлімет. Ақынның жазбаша сауаты болғандығы, өлеңдерінің тақырыптық ерекшеліктері: этика, мораль мәселелері. Кедейлік, адам өмірінің кәрілік, жастық кезеңдері. Ақын поэзиясында әйел тақырыбының ерекше жырлануы, шығармаларының сатиралық сипаты. Шал өлеңдеріндегі лирикалық поэзия үлгілерінің кездесуі.

5. Бұхар жырау Қалқаманұлы (1668 -1781) – қазақ жыраулар поэзиясының алыбы. Абылай ханның кеңесшісі, ақылгөй биі. Бұхар жырау – қазақ халқының ынтымағын, бірлігін ту етіп көтерген ұлы тұлға, кемеңгер жырау. Жыраудың өмірі туралы мәлімет. Бұхар жырлары жыраулық дәстүрдің жалғасындай болғанмен, әлеуметтік- саяси мазмұны мен тақырыбы, көркемдігі жағынан өзіндік ерекшелігімен дараланады. Жырау шығармашылығын тақырыптық ерекшеліктеріне қарай: адамгершілік-имандылық тәрбиесін жырлайтын насихат толғаулар, ел бірлігі тақырыбындағы толғаулар, Абылай ханға арналған толғаулар, отаршылдыққа байланысты туған болжал толғаулар деп топтастырып қарастыру. Бұхардың өзіндік шеберлігі .

6. Көтеш ақын (1745-1818) – жоңғарларға қарсы күресті жырлаған жауынгер ақын. Ақынның тұрмыс, кедейлік мәселелерін жырлаған толғау жырлары. «Абылай, Ботақанды сен өлтірдің», «Күркелінің бауыры күнде дауыл», «Арқа Ойылдың құба жон түсер қатар» т.б. өлеңдері.

Ұсынылатын әдебиет: [13], 98-119 беттер; [14], 76-93 беттер.

7-тақырып XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті

Жоспар:

1. Абай Құнанбаев поэзиясы

2. Махамбет өлеңдері

3. Ыбырай әңгімелері

4. Зар заман ақындары

1. Абай өлеңдерін хатқа түсіру. Ә.Бөкейхановтың Абай мұрасына қатысты қолжазбалары. Кәкітай Ысқақұлы мен Тұрағұл Абайұлының Абай шығармаларын бастыруы. 1909 жылғы «Абай» жинағының құрылымы.

Абайдың 1922 жылғы Қазан, Ташкент басылымдары. 1933,1945,1955 жылғы жинақтары. М.Әуезовтің Абай өлеңдерін жинауы, толықтыруы. Абай қарасөздерінің басылымы.Абай шығармаларының кейінгі басылымдары.

Абайдың 1916 жылғы «Абай термесі» басылымы туралы тың деректер. Абай шығармаларының текстологиясы.

Абайтану ілімінің қалыптасып, дамуы және қазіргі кезеңдегі өзекті мәселелері.

Абай ақындығы туралы XIX ғасыр соңындағы, XX ғасыр басындағы тұжырымдар. Ә.Бөкейханов, М.Дулатов Абай туралы. А.Байтұрсыновтың «Қазақтың бас ақыны» (1913) мақаласы. «Абай» журналы. 20 жылдардағы Абай ақындығы төңірегіндегі айтыстар. Ғ.Тоғжанов, І.Қабылов, І.Жансүгіров, Ғ.Сағди, Е.Ысмайылов, С.Мұқанов, Ы.Мұстамбаев, Б.Кенжебаев, т.б. Абай туралы.

Қ.Жұбановтың отызыншы жылдары жазылған «Абай қазақ әдебиетінің классигі» мақаласының Абайтанудағы орны.

М.Әуезов және абайтану. С.Мұқановтың абайтанудағы зерттеулері. Қ.Жұмалиевтің Абай поэзиясының тілін, жаңа түрін зерттеуі.

З.Ахметов – абайтанушы. З.Қабдоловтың Абай ақындығын зерттеуі. С.Қирабаев, Т.Кәкішев, М.Мырзахметов, А.Нұрқатов, Ш.Ысмағұлов, т.б. ғалымдардың абайтанудағы еңбектері.

Академик А.Жұбановтың Абайдың ән өлеңдері жайлы тұжырымдары. Тілші ғалымдар Қ.Өмірәлиев пен Р.Сыздықованың Абайдың тіл кестесін зерттеуі. Абайдың өлең құрылысын өлең теориясы тұрғысынан зерттеуі, жетілдіру. Абайтанудың өзекті мәселелері. Абай шығармаларының жанрын, оның ақындық мәселесімен, Абай ақындығының арғы арналарымен сабақтастықта зерттеу міндеттері,т.б.

Абай ақындығының айналасы. Абайдың алдындағы қазақ поэзиясы. Ол үйренген ақындық мектеп. Дулат және Абай. Абай және шығыс. Абайдың өлең құрылысына, ақындық әлеміне Шығыс әсері. Абайдың қазақ өлеңіне Европа үлгісін енгізуі. Абай және орыстың классикалық әдебиеті. Абайтанудағы Абай ақындығының айналасы, Абайдың ақындық мектебі. Абайдың ақындық дәстүрі ұғымдарын айқындай, ажырата түсу қажеттігі. Осы орайдағы М.Әуезов, Ғ.Сағди, С.Мұқанов, Қ.Мұхаметханов, А. Нұрқатов,М.Мырзахметов, Ө.Күмісбаев, т.б. ғалымдардың пікір-түйіндері.

Абай поэзиясының жанрлық қырлары. Өлең құрылысы. Сөз өрнегі.

Абайдың әлеуметтік, көңіл-күй лирикасы. Абайдың поэмалары. Нәзира дәстүрі және Абай. Абайдың қарасөздері.Арнау өлеңдері. Абай шығармаларының сатиралық қыры. Абайдың ән өлеңдері. Шешендік толғам, афоризмдері. Абайдың орыс әдебиетінен аудармалары. Абай өлеңдеріндегі ұйқас, буын, ырғақ. Абай поэзиясындағы ғаруз ұйқасы үлгісіндегі өлеңдер.

Абай қазақ өлеңіне әкелді деген жаңалықтардың ортағасырлық, жыраулық поэзиямен байланыс, сабақтастығы.

Абайдың ән өлеңдерінің құрылым үлгісі. Абай поэзиясына орыс, батыс әдебиетінен енген үрдіс. Абайдың қазақ өлеңіне енгізген жаңалық, өзгешелігі туралы А.Байтұрсынов, Ғ.Сағди, І.Жансүгіров, М.Әуезов,С.Мұқанов, Е.Ысмайылов, Қ.Жұмалиев, З.Ахметов, З.Қабдолов, т.б. ғалымдардың пікірлері.

Абайдағы алты буынды, сегіз буынды өлеңдер туралы Қ.Жұмалиев тұжырымдары.

Абай және қазақтың жазба әдеби тілі. Абайдағы сөзжасам. Абайдың фразеологизмі. Абай өлеңдеріндегі сөздердің орын тәртібі. Сөз құбылту, сөз ойнату тәсілдері. Абай шығармаларының тілін арнайы зерттеудегі Қ.Жұмалиев еңбегі. Абай поэзиясының тіл кестесін ғылыми негіздеудегі Р.Сыздықованың еңбегі.

Абайдың қарасөздері. Абайдағы дін, дүниетаным жайы. Абайдың қарасөздерге келу жайы. Абайдағы исламның ғылыми негіздерін ұғындыру.

Абай шығармаларындағы «Махаббатпен жаратқан адамзаттың», «Алланы сүю», «Алланың өзі де рас, сөзі де рас», «Өлсе, өлер табиғат, адам өлмес» өлеңдері. Абайдың «мені» мен «менікінің», жан мен тән жайлы өлеңдері мен қарасөздері. Абайдың 13,38 қарасөздеріндегі дін жайы. Абайдың дүниеге көзқарасына орта ғасырдағы түрік әдебиетінің ықпалы.

2. 1.Махамбет 1803 жылы қазіргі Атырау мен Батыс Қазақстан облыстарына қарасты Нарын құмында туған. Шыққан ортасы – шағын шаруа.Бірақ бір ағасы –Бекмұхамбет хан сарайына жақын, Жәңгір ханның сенімді биі болған. Ол хан жағында болып көтеріліске қарсы күрескен. Ал Махамбеттің басқа ағайындары көтеріліс жағын жақтап, жау қолынан қаза тапқан.

19 ғасырдағы қазақ әдебиетінің тарихында Махамбет пен Абай шығармашылығы өзінше бөлек үлкен бір бел.Абай 19ғ. екінші жартысындағы қазақ өмірінің шындығын поэтикалық өрнекке бөлей білген кемеңгер ақын болса, Махамбет 19ғ.алғашқы жартысында өмір сүріп, сол кезеңнің зор дүбірлі тарихи оқиғасының жалынды жыршысы болды. Абай әлеуметтік қайшылықтарды негізінен оқу, тәлім-тәрбие жолымен шешуді қолдаған ағартушы-гуманист болса, Махамбет – бұл мәселеде шаруалар қозғалысына сүйенген жауынгер, күрескер ақын.

Махамбеттің көтеріліске дейінгі өмірі мен ақындық қызметі әлі жете зерттелмей келеді. Көпшілікке мәлімі тек оның өзі қатынасқан шаруалар көтерілісі кезінде, өмірінің соңғы жылдарында айтқан өлеңдері мен толғаулары ғана. Бұған қарап, ақын таланты тек көтеріліс кезінде немесе содан кейін туа қалды деген тұжырым жасауға болмайды. Кейбір қарттардың айтуы бойынша, Махамбет көтеріліске дейін де айтысқа түсіп жүріпті.Бір жиында ханның белгілі ақыны Байтоқты сөзден жығып, жеңіп кетіпті. Жиылған жұрт Махамбеттің өткірлігі мен тапқырлығына таң қалыпты. Содан кейін хан Махамбетті баласы Зұлқарнайынмен ұстапты.

1925 жылы Халел Досмұхамедұлы жариялаған «Исатай-Махамбет» атты кітаптағы пікірлер бойынша, «Махамбеттің өзі де жас кезінде Жәңгірдің нөкерінде болған екен. Исатай ханға қарсы бола

бастағанда-ақ Исатайға еріп кеткен. Махамбеттің өзі әрі батыр, әрі жырау, әрі домбырашы; өте қызулы адам екен». Халел Досмұхамедұлының «Аламан» кітабында Исатай мен Махамбет көтерілісінің шығу тарихын егжей-тегжейлі баяндайды.Былай дейді : «Бөкейдің заманында қазақтың алды Сарытауға дейін жайылатын еді.Еділдің бойындағы кең тоғайларды, теңіздің жағасындағы қалың нуларды қазақ емін-еркін қоныстанушы еді. Қоныста қазақтан сақтау үшін, Жәңгірлік саясатын жүргізу үшін, патша үкіметі Еділдің бергі бетіне шапшаңдықпен орыс халқын орната бастады.Иеленген орыстар қазақты Еділдің бойындағы, теңіздің жағасындағы нулардан қуа бастады.Жәңгірдің заманында ел мен ханның арасы айтқандай болып бөлінді. Жәңгір Аштархан губернаторы Андреевскийдің қолында өсті.Орысша, арабша, парсыша жақсы тәрбие алды.

Өткен замандағы арабтың, қызылбастың салтанатты патшалары, орыстың романынан шыққан айбарлы патшалары Жәңгірге үлгі болды. Қазақтың салты, қазақтың тұрмысы, әдет,заңы туралы Жәңгірге тәрбиешілер әрине бір ауыз да сөз айтқан жоқ. Жәңгір өзімшіл, патшашыл, орысшыл, діншіл болып, ел билеу туралы еш нәрсеге үйренбей, қазақтың жайында дым білмейтін болып шықты.

1806 жылы патшаның қазақтікі деп айтқан жерін Жәңгір өзімдікі деп түсінді. Қара халықтың жері ханның мүлкі деген пікірді жүргізді.Төрт жүз мың десятина жақсы жерді ханның үлесі деп жариялады. Көршілес елдер мен қазақтың арасына күшті жанжалдар пайда болды. Жұт көбейді. Ел жарлы бола бастады.Жәңгір қазақты қорғамады, қорғауға әлі де келмеді.Еділ-Жайық бойындағы казак-орыстар қазақтың меншікті жеріне ауыз салды. Қазақ хандарының бұрынғы тұрмысы Жәңгірді қанағаттандырмады.Жәңгірге салтанат, патша тұрмысы керек болды. Салтанат құруға ақша керек. Елге түсетін салық көбейді. Жәңгір зекет алуды шығарды. Зекетті малмен. Алмай, ақшамен алатын болды.Жәңгір хан елден бөлектене бастады. Қасына күзетші қылып орыстан әскер алды.Жәңгір ноғай мүфтиінің қызын алды. Елді ноғай мүфтиіне, ноғай шарғиясына бағындырды. Әдет орнына шариғат жүрді. Жесір дауы, жер дауы секілді қазақтың нағыз әдетпен шешілетін өзара істері шариғат бойынша тергеле бастады.Және де молдалардың көбі, әсіресе әуелгі уақытта қазақтың әдет-ғұрпын білмейтін ноғай, естек, мешер, тәптер, сарт секілді келімсектерден болды. «Надан қазақ», «пасық қазақ», «күпірсің», «ананы істеме», «мынаны істеме» деген үгітті ел ағасы ақсақалдардың, билердің талайы есітті.

3. Ыбырай Алтынсариннің жемісті еңбек етіп, едәуір жақсы шығармалар қалдырған саласының бірі- проза жанры болды.Оның әңгімелерін үш топқа бөлуге болады: бірі – новелла, екінші тобы – ертегі-аңыз үлгісіндегі әңгіме, үшінші тобы – шағын көлемді мысал үлгісіндегі әңгімелер.

Оның " Бай баласы мен жарлы баласы", "Қыпшақ Сейітқұл", "Киіз үй мен ағаш үй", "Надандық", "Лұқпан хакім", т.б. бірсыпыра шығармалары қоғамдық өмірдің әр алуан жақтарын суреттеуге арналған. Бұл еңбектерінде жазушы өз дәуірінің елеулі мәселелерін көтере отырып, еңбекші халықтың қоғамдық санасын оятуды, тәрбиелеуді мақсат етеді.

"Бай баласы мен жарлы баласы" - Ыбырай шығармаларының биік шыңы. Ол, біріншіден, озық ойларының жемісі әңгіме оқушысын еңбек етуге, өмірін сырын ұғына түсуге бағыттайды. Үсеннің іс -әрекеттін жазушы сүйсіне жазады. Асан мен Үсенді салыстыра отырып, олардың адамдық қасиеттерін еңбекке қатысына қарай бағалайды. Бұл

әңгімеден сол дәуірден өмір көріністерін, көшпелі тұрмыстың беймаза тірлігін көреміз. Қазақ энциклопедиясы жазушының бұл әңгімесіне орыстың сол кездегі озық ойлы адамдарының көңіл аударғанын Н.Иванов деген журналистің орыс тіліне аударып, "Родник" журналының 1890 жылғы 6-санында жарияланғанын атап көрсетеді.

ЫБырай Алтынсариннның айтулы шығармасының бірі-"Қыпшақ Сейітқұл". Сейітқұлдың іс-әрекетінен оның өмірге жаңаша талаппен қарайтындығы байқалады. Жер шаруашылығымен айналысуы, бұл кәсіптің тиімді тәсілдерін қолдануы (шығыр салу, арық қазу,т.б), сүйтіп, оның айналасындағылардың орташа тіршілік етуге жетуінің өзі бірліктің, еңбектің нәтижесі екендігін сипаттайды. Әңгіменің тәрбиелік жағы-осындай жаңашылдық бағытында. Сол арқылы қоғамдық құбылыстармен жұртшылықты кеңінен таныстыру мақсаты көзделген.Әрі бұл әңгіме тарихи болған оқиғаның негізінде жазылса керек. Оны автордың өзі атап көрсетеді.

Еңбек тақырыбындағы «Өрмекші,құмырсқа, қарлығаш», «Дүние қалай етсең табылады», «Байлық», «Әке мен бала», «Асыл шөп», «Киіз үй мен ағаш үй» әңгімелері образдылығымен ерекше мәнді, тәлім берер күші мол көркем шығармалар.

4. 1880 жылы Қазанда шыққан «Өсиет нама» кітапқа ақынның біраз өсиеттері мен толғаулары енген. Жалпы көлемі- 800 жолдай. Дулаттың өмірі туралы деректер және оның өлеңдері біздің дәуірде жиналып, зерттеле бастады. Мәселен, ақынның кейбір өлеңдері мен өмірбаяны туралы деректі біз ең алғаш орта мектептің сегізінші класына арналған С.Мұқанов пен Қ.Бекхожиннің 1939 жылғы хрестоматиясынан ұшыратамыз. Онан кейін профессор Қ.Жұмалиев өзінің 1940-1941 жылдары мектеп оқушыларына арнап жазған қазақ әдебиеті оқулығында Дулаттың өмірі мен кейбір шығармаларын талдап, ақын туралы өз қорытындысын жасады. Дулат шығармашығы туралы 1957 жылдан бастап зерттеулер жүргізіліп келді. Сол тұста жазылған кейбір зерттеулеріміз Қазақстан ҒА-ның «Хабарлар» журналының 1959 жылғы үшінші санында, 1960 жылы басылған «Әдеби мұра және оны зерттеу» деген жинақта жарияланды. Және бұрын жарияланбаған «Еспембет» дастаны қалың қауымға табыс етіліп, «Жұлдыз» журналының 1959 жылғы 5-санында басылып шықты.

«Сүлейменге», «Бараққа», «Кеңесбайға», «Қазаққа» арнауларындағы заман күйі, ел мінезі.

Дулат өлеңдерінің қазіргі мөлшері оның басқа замандастарының өлеңдерімен салыстырғанда әлдеқайда мол. Олардың ішінде ұзақ арнау өлеңдер, нақыл-өсиет ретіндегі дидактикалық терме,ертек-аңыз сюжетінде жазылған толғау, бірнеше мысал сөздер бар.Дулат өз елінің тәуелділікке түсуіне наразы. Бұрыныҕ кезде батырлар бар еді. Олар елін сыртқы жаулардан қорғай алатын еді.Бұл батырлар бар кезде қазаққа ешбір жау- жоңғар да, патша өкіметі де қауіпті емес еді.Енді олар жоқ.Хан, би, барлық әкім біткен әділеттен айрылып, адам бұзылды, енді бұл дүниені өзгертпесе, қазақтың бағы ашылмайды деген қорытынды жасайды.Дулат өлеңдері ойлы, образды. Оның шығармаларында қазақ қауымының сан алуан жағымсыз тобы сомдалған. «Сүлейменге» өлеңінде :

Орыстың көрсе ұлығын
Қыздан дағы қылықты.
Ұлық кетсе қазаққа
Қорқау қасқыр құлықты.

«Қазаққа» өлеңінде қазақтың бұрынғы Абылай заманындағы өмірі мен кейінгі бодан болған кезін салыстырып былай дейді:

Қазақ деген ғаріп жұрт,
Миығыңды көрсетпей,
Ұстарасыз түсті мұрт.
Ұйқы басып сезбедің
Шырмағанын жаудың сырт.

Кеңес үкіметі кезінде Мұраттың өз басы (бай, би баласы ретінде), шығармашылығы (ұлы халыққа достыққа қарсы, феодалшыл-кертартпа) даулы болып құлыпталады. Мұрат еңбектерінің ең алғаш жинақтарын шығарушы, оған алғысөз жазып, төкпе ақын екенін танытқан Халел Досмұхамбет болатын. Халелдің өзі «Алаш» көшбасшыларының бірі ретінде, халықтың қас жауы боп аталусыз қалды.

Ақын шығармалары 1924 ж. Ташкент қаласында «Мұрат ақын сөздері» деген атпен шықты. Жинақты бастырушы- Х.Досмұхамбетұлы.

Алғысөзінде Х. Досмұхамбетұлы былай дейді: «Екі ғасырдағы патша өкіметінің қазақты әбден бағындырып алып, қазақты көпір қылып, Азияға аттау болды, қазақтың амалы таптайын деп тұрған патша өкіметінен құтылу болды. Дәуірлеп келе жатқан орыс байларының сауда капиталымен жауласам деп, кіші жүздің жүз жарым жылдай тарихы қанмен жазылғандай болды...

Мұраттың өлеңдерінде патша хүкіметінің қазаққа жұмсаған саясаты айқын байқалады. Хүкіметтің жақсы жерлерін тартып алғаны, ел қамын жегендердің қамалғаны, өлтірілгені анық айтылады».

Мұрат заман шындығын ашық сипаттайды:

Әуелі жеңіп орыс елді алды,
Сартау, Астраханның жерін де алды.
Артынып Еділден соң Нарынды алды,
Тоғайдың ағаш, қамыс, талын да алды.
Ар жақтан Қайып алды, Науша қашып,
Тарлықтың сонан бері қаптағаны.
Тәмамді сумен, нумен қоршап ұстап,
Қазақтың мұнан жұтқа шалынғаны.
Қуалап Исатайды өлтірген соң,
Заманның содан бері тарылғаны.

Мұрат шығармашылығының идеялық нысаны- XIX ғ. қазақ өлкесінің тарихи шындығы. Осы тұстағы ел-жұрттың жан-жақты күйзелістері, ішкі, сыртқы қайшылықтары, қазақ елінің басына түскен күйзелісі.

Ақын мұралары оның білімділігін көрсетеді. Оның барлық саладағы шығармаларына ортақ сарын- таза халықтық әуен, мазмұн жағынан ел мұңын, халық тірлігін көтерсе, түр, стиль жағынан фольклорлық сарынды сақтайды.

Шортанбай Түркістан жерінде Қаратауды жайлаған шаруа Қанайдың отбасында дүниеге келген. Жас шағынан мұсылманша оқып, білім алған.

Ол Яссауи еңбегімен танысып, Бұхар, Самарқанда діни білімін көтеріп, имандық дәрежеге жетеді. Бұл жолда қызмет атқару үшін Түркістаннан Арқаға, Қарқаралыға қарасты Бесата жайлаған Жамантай төренің мекеніне қоныс аударуға тура келеді. Одан кейін Аюлы-Ақсу бойын қоныстанған Жанғұтты бидің қарамағынан шағын мешіт салдырып, медіресе ашады. Өмірінің соңына дейін осы биді төңіректеп өмір кешеді.

Діни оқумен тақуа болып келген Шортанбайды Арқаның сауық-думанды өмірі, алтыбақан, қызойнақ ойындары еліктіреді. Шортанбайдың ақындық өнері ашылады. Ел Шортанбайды ишан емес, төкпе ақын деп атап кетеді.

Шортанбай ақындығының дәуірлеген тұсы қазақ елі дағдарысқа душар болған ауыр кезең болатын. Қазақ әуелі ел билігінен айрылды, одан жер-су, қоныс қысымына ұшырады. Мал-жан есепке алынып, оған да қауіп-қатер көбейді. Алым-салық, пара-пәлелер ел еңсесін көтертпеді. Елдің елдігі, бірлік-тірлігі күн санап кеми берді, қарсы шығып атқа мінген Исатай мен Махамбет, Кенесары мен Наурызбай, Есет пен Бекет, Жанқожа мен Құлбарақ, Науша мен Сүйінқара, Саурық пен Сұраншы, т.б. батырларды отаршылар мерт қылды. Жоңғар шапқыншылығынан жүдеп, ыдырап жатқан әлсіз өлкені патша өз қарамағына оңай көндірмек болды. Бірақ ол ойлары бірден орындалмады.

Елде алыпсатар алаяқ, ақшалы сұм саудагерлер қаптады. Табиғи айырбасқа үйренген ел үшін ақшамен сауда оңай болмады. Өсім, несие пайда болды.

Шортанбай шығармашылығы 1882 ж. бастап, өлең, толғаулары жинақталып, бөлек кітап болып шықты. Жинаққа ақынның «Тар заман», «Опасыз жалған», «Байды құдай атқаны», «Атамыз Адам пайғамбар», «Өсиет-насихат сөздер», «Айттым сәлем», «Асан қожаға», т.б. енген.

Қазан қаласының өзінен Шортанбай шығармалары әр түрлі атпен жарық көріп жатты. Оның шығармаларын патша отаршылығына қарсы қауым, ұлттық тәуелсіздікті жақтаушылар, мұсылманшылықты қолдаушылар құшағын жая қарсы алды. Қамалып, тоналып жатқан басқа тәуелсіз халықтар да Шортанбай шығармаларына құлақтарын түрді.

Шортанбай шығармалары көп басылғанымен, көлемі көп емес. С.Мұқановтың есебі бойынша, 1500 жолдай.

Шортанбай шығармаларының лейтмотиві (сарыны)- заман, қоғам, халық тұрмысы, ел өмірі, қоныс қысымы, отаршылар мен жергілікті әкімдердің озбырлығы, тонаудың жаңа түрлері, сатқын ел билеушілер, бұзақы топтар, т.б.

Мынау заман қай заман-
Азусызға тар заман.
Азулыға бар заман.

8-тақырып XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті

Жоспар:

1. А.Байтұрсынов шығармашылығы
2. М.Дулатов шығармалары
3. С.Торайғыров шығармалары
4. Шәкәрім поэзиясы

Ірі қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсыновтың артында аса мол әдеби, ғылыми еңбектер қалды. Ол өз заманында әрі ақьш, әрі аудармашы, әрі ғалым ретінде танылды. Ахметтің 1909 жылы Петербург қаласында "Қырық мысал" деген атпен жарық көрген алғашқы кітабына негізінен орыс мысалшысы И.Крыловтан аударған аударма мысалдар жинақталды. Бұрын мысал арқылы тұспалдап айтылған ойларын Ахмет 1911 жылы Орынбор қаласында шыққан "Маса" атты өлеңдер жинағында өз сөзімен ашықтан-ашық жария етті. Бұл жылдары ол қазақ

тілі мен әдебиетінің әр түрлі мәселелеріне арнап көптеген мақалалар жазып, баспа беттерінде жариялады. Әсіресе 1913 жылы жазыльш, "Қазақ" газетінде жарияланған "Қазақтың бас ақыны" атты мақаласы Ахметті білікті әдебиеттанушы ғалым ретінде танытты. Бұл мақала ұлы Абайдың үлттық әдебиеттің тарихынан алатын орнын айқындауға, ақын шығармашылығына баға беруге арналған тұңғыш ғылыми зерттеу еңбегі еді.

Әдебиетші Ахмет Байтұрсынов мұрасының маңызды бір саласы — оның ел аузынан жинап, жүйелеп, баспа бетінде жариялаған ауыз әдебиеті нұсқалары. Атап айтқанда, Ахмет жинаған фольклорлық үлгілер негізінде Мәскеу қаласында 1923 жылы "Ер Сайын" жыры, 1926 жылы "23 жоқтау" кітаптары жарық көрді.

Міржақып Дулатов — әдебиеттің әр түрлі жанрына қалам тартқан қаламгер. Алғашқы кітабы — "Оян, қазақ!" деген атпен Петербург қаласындағы жарық көрген өлең жинағы. Одан кейін 1913 жылы Орьнборда "Азамат", ал 1915 жылы "Терме" атты өлеңдер кітаптары басыльш шығады. Ақын өлеңдерінің басты такырыбы—ел тағдыры болды. Алғашқы кітабы "Оян, қазақ!" жұртшылық арасында ауыздан-ауызға, қолдан-қолға тез тарап кетеді. Қайта басылады. Кітаптың негізгі мазмұньн халықты оятуға, әділетсіздікпен күресуге шақырған өлеңдер құрады. Сол себепті де кітап тұтқындалып, авторы құғынға ұшырайды.

Өзінің шығармашылық жолын ә дегеннен өлеңнен бастаған Міржақып проза жанрына да қалам сілтейді. 1910 жылы оның осы жанрдағы туындысы "Бақытсыз Жамал" романы Қазан қаласында басыльш шықты. Бұл - қазақ әдебиетіндегі таза көркем проза үлгісінде туған тұңгыш роман еді. Кітап 1914 жылы екінші рет басылды.

Бұл жылдары Міржақып бірқатар мақалалар мен фельетондар жазады. 1922 жылы Ташкентте екі бөлімнен тұратын "Есеп құралы" оқулығын бастырады. "Балқия" пьесасын жазады.

С.Торайғыровтың “Таныстыру”, “Адасқан өмір”, “Кедей”, “Айтыс” туындылары қазақ поэмасы тарихындағы жаңа беттер ғана емес, әдебиетіміздегі бедерлі белес, үрдісті үлес, кезеңдік шығармалар.

> Ақын “Адасқан өмір” поэмасында адамның өмірін түрлі кезеңге бөліп, соны тегіс өзіндік ерекшеліктерімен үйлестіре отырып, суреттеу шығады. Өмірдің кезеңдерінде қай адамның болсын, қай кездегі адамның болсын бапсында, бойында болатын мінез-қылықты, хал-жайды, ой-қиялды дәл, өте шебер суреттейді.

Ақын поэмаларында кейіпкер санаулы ғана – “мен”, кедей, қара қазақ, дала ақыны, қала ақыны. Оның суреткерлік сұңғылалығы бірер кейіпкер көңіл-күйі, сезім тебіренісі арқылы адамзаттың өмірі, тірлігінің мәні, адам атаулының болашаққа талпынысы философиялық топшылауларға негіз болып, әсемдік әлемінде соны дүниелер санатында мәңгі бақи қалуында.

“Таныстыру”, “Кедей”, “Кім жазықты?”, “Қамар сұлу” романдары мен поэмаларында өз замындағы бірсыпыра кісі бейнелер бар: Қамар мен Аппақай қазақтың оқыған, ұнамды, ақылды, көрікті қыздарының бейнесі, Жорға Нұрым, Тасболат ала аяқ қу, ірі феодалдардың бейнесі; қазақтың зиялы қауымынң, таихи тұлғалардың бейнесі.

“Кім жазықты” романы –тұңғыш өлеңмен жазылған роман. Романға үш ұрпақ өмірі арқау болған, замана өзгерісіне қарай соңғы ұрпақ өкілдерінің арасындағы тартыстар, көзқарас қайшылықтары суреттелген. Әжібай менәжібайшыларды тудырған заман шындығы, романда әлеуметтік теңсіздік шындығы ашылған. “Кім жазықты” романында қазақ қоғамының күрделі мәселелері кең түрде алынып, суреткерлік шеберлікпен

жазылған.Өлеңмен жазылған “Кім жазықты?” романында ақын Әжібай болыстың “өсу жолын”, оның шолжаңдық, мас, жалқау, бет-әлпетін, азғындығын көрсетеді. Әйел мәселесі мұнда да басты орын алады. Әмеңгерлік, қыздардың сүйгеніне бара алмауы батыл айтылады.

Роман аяқталмаған. Алацда қазақ тұрмысының сол кездегі әдет-ғұрпы, Әжібай болыс қылықтары арқылы көрінетін әлеуметтік теңсіздік – мұның бәрі дәл көрсетілген. Ақын осыларға кім жазықты, кім кінәлі деп сұрау қояды.

“Қамар сұлу” романы – көркем прозадағы жаңашыл шығарма. Романда өмір шындығын суреттеуде, кейіпкерлер образын сомдауда көркемдік құралдарды аса бір шеберлікпен қолданған. Роман ескі мен жаңаның күресінің көркем бейнеленуімен құнды.

Романдарында ескі қазақ ауылын, оның бай-феодалдарының надандық қылықтарын, олардың қолында бас бостандығын ала алмай бодан болған қазақ қызының тағдырын жазады. Ескі әдет-ғұрыпқа қарсы, жаңаша білім алған Ахмет, Қамар және оның әкесі сияқты жағымды кейіпкерлер олпрға қарсы қойылады. Бұлар парасатты, өмірге сын көзімен қарайтын, бірақ сол соқыр күшке бел байлап, қарсы шығуға әлі шамасы жоқ жандар. Алайда, қазақ жастарының алға, жаңаға ұмтыла бастаған алғашқы өкілдері еді.

9-тақырып М.Жұмабаев

Жоспар

1.Мағжан романтизмі

2. Мағжан поэмалары

Мағжан романтизмі дегенде, оның үлкейту, әсірелеуі поэзияға тән шарттылыққа негізделгенін, сол арқылы ақын стиліне де тән екенін қайталап айтқымыз келеді. 1914 жылғы «Жер жүзін топан басса екен» өлеңі – бұған дәлел.

Жер жүзін топан басса екен!
Асқар таудан асса екен!
Таудай толқын құтырып,
Улы көбік шашса екен!
Басса екен топан жер жүзін!
Жапса екен көбік Күн көзін!
Жанды-жансыз жоқ болып,
Қалсам жалғыз бір өзім!
Жан иесі тыншықса,
Үн иесі тұншықса,
Қараңғы жердің көгіне
Күн болып сонда мен шықсам!
Қандай ойын салар ем!
Жалынмен бәрін жалар ем!
Шетсіз-шексіз дүниеде
Жалғыз өзім қалар ем!
Заулаған от – жалғыз жан
Жер мінезді жоқ адам.
Заулап тұрған отымнан,
Жаратар ем жаңа адам!

Поэзияны сөзбе-сөз түсіндірумен шектеліп, біржақты кетуден арылсақ, ақынның жер жүзін топан су басып, жалғыз қалуды шындап тілеп тұрмағаны анық. «Заулап тұрған отымнан // Жаратар ем жаңа адам» – деген лирикалық қаһарман ниеті мұңарасымен қарасақ та, күрескердің өзгеріс, жаңалыққа деген құштарлығын ашуға арналып жазылған өлең екенін ұға бастаймыз. Лирикалық қаһарман құдіреттілігі сонда: жер жүзін басқан топанның, биіктегені сондай, асқар таудан (жай тау да емес) асуын тілейді. Таудай толқынның құтырып улы көбік шашуы бұл үрейлі көріністі ұлғайта береді. Ол аз десеңіз, толқын

шашқан улы көбіктің күн көзін жабуы да сендіреді. Міне, осы кереметтерге тәнті етуден кейін барып, лирикалық қаһарманның түпке сақтаған мақсаты, күн болу, сол арқылы өзгеріс жасау талабы жота көрсетеді. Сөйтіп, керемет көріністер: жер жүзін топан басуы, күннің ойын салуы т.б. шартты үлкейтулер септесе келе өлең идеясын неғұрлым әсерлі жеткізуді негіздеген.

Осы тұста Мағжан өлеңдеріндегі қайғы-мұң мәселесіне де арнайы көңіл бөлгіміз келеді. Расында да социализм заманында бізде бақытсыздық болуы мүмкін емес, совет адамдары әрқашан да бақытты деген теорияны бір кезде ту етіп көтерсек, енді-енді ғана оның өмір күрделілігін ескермеуден туған біржақты, үстірт екенін мойындай бастадық. Күн бар жерде көлеңке болатыны тәрізді, қуаныш бар жерде қайғы да жоғалып кете қалмайтынын, тіпті қапалана білмеген адамның шаттықты бағалауда да кенже қала берерін бағымдай бастадық. Бұл зерделеу шындық ауқымдылығын, соған сай адам сезімі сан қырлылығын, оған тек масайрау биігімен қарау жетімсіздігін түсінуге әкелді. Демек С. Сейфуллин, І. Жансүгіров, С. Мұқанов тәрізді әріптестері өмірдің күнгей жағын көбірек қызықтаса, назарсыз, жоқтаусыз қалып бара жатқан көлеңке тұсқа М. Жұмабаев көбірек үңілсе, мұның бәрі ақындардың біріндегі жоқты екіншілері толықтыруға ұмтылуы деп түсінген жөн. Сөз жоқ, басқалар аз ескерген мұң – шерге бет бұрған Мағжан оны өзінше биіктетіп, шарықтатса, ол да өмірдің қат-қабат сырын жан-жақты ашу талабына бағындырылған деп санаймыз. Мәселен, «Мені де, өлім, әлдиле» өлеңінің алғашқы шумағында-ақ қасіреттің жоталанған түрі отау тіккен:

Қажыдым енді, күш бітті,
Көңілсіз, салқын, күн бұлтты.
Жел бұйығып тербелген,
Әлдекімнің өлгенін,
Оны қалай көмгенін
Әңгіме ғып күңіренген.
Жел, күңіренбе, жасың тый,
Өлім күйі – тәтті күй.
Балқиды жаным бұл күйге.
Мені де, өлім, әлдиле,
Әлдиле, өлім, әлдиле!..

Осы шумақтағы: «Қажыдым енді күш бітті», – дегеніне қарап, лирикалық қаһарманның шынында қуаты сарқылған, әлсіз, боркемік екен деп сөзбе-сөз түсіндірмейміз. Бұлайша айту арпалыстың соншалық ауырлығын көзге ұру үшін қызмет етіп отыр. Әйтпесе, лирикалық қаһарманның күресті діттейтіні өлеңнің өн бойынан байқалып отырады. Демек әрі таусылдым деп, тағдырға мойын сұну, тіпті, балқу; әрі өктем күш иелерінің соншалық тізе батыруын көрсету-алмасып отыруы – айқас қаталдығын да, қол қусыру мүмкін еместігін де қатар өрбітеді. Біз лирикалық қаһарманның қандай зобалаңға ұшырағанын (түрмеге түсті ме, жазғандары шықпай жатыр ма, әлде халық басына төнген ашаршылыққа ашынды ма) нақты көрмейміз.Себебі ақын лирикалық қаһарманның белгілі бір жағдайда қалай шайқасқанын тәптіштеуден саналы түрде аулақтай отырып, тек бір дәуірге емес, бар заманға қажет күрескерлікті ту етіп ұстаған. Демек лирикалық қаһарманның тек белгілі бір шақтағы нақты бір шырғаланға қарсы ұмтылысын емес, әр дәуірде әр сипатта тууы мүмкін дүрбелең атаулыға дайындалған қарсылық сезімін жар ету, міне, Мағжан көздегені – осы. Сондықтан да жоғарыда келтірілген бастапқы шумақта кім көз жұмғаны белгісіз («әлдекімнің өлгенін»), оған күйзелуші де белгілі бір адам емес, жел ғана. Оның есесіне өлімнің «тәтті күй» екенін, оған жаны балқитынын паш ету, өлімге «әлдиле» деп тілек ету осы шығармадағы бар шумақтың соңғы тармақтарында ылғи қайталанып беріліп отырады.

Әйтсе де қанша тізбектелсе де, бұл апатқа бас июді ығыстырарлық көріністер қоса өрілуі өлеңде қарама-қарсы сезім сайысының шынайы да сәтті өрістеуіне жағдай жасайды[1].

«Батыр Баян» поэмасының жазылуына байланысты Ш.Елеукенов мынадай орынды пікір айтады: Шоқан жазбаларында Абылай ханның қол жинап, Баяндармен бірге аттанғаны туралы дерек бар. Мүмкін, Мағжан Шоқанның осы жазбасын оқыған болар, Шоқан «Исторические предания о батырах XYШ века» деген очерк жазды, солардың деректерін пайдаланған болар деген пікір айтады. Мүмкін. Тарихи очерк атап отырған осы еңбегін Шоқан аңыз деп атаған ғой. Онда қалмақтар ақ киіз үй береміз деп шақырғанда Баян ханның бармағанын қалаған. Хан тыңдамаған. Шоқан Баян қалмақтарды қуды, жете алмады, кейін қайтқанда жолда әскері де, өзі де қалмақтар улап кеткен судан өлді дейді. Мағжан бұларды шығармашылықпен біраз өзгерте пайдаланған. Тек Шоқанда Ноян деген бала батыр аталмайды. Ондай адам, шындығында, болған емес. Ол – ақынның қоспасы. Дегенмен, мұның түбінде де ақиқат жылты бар. Баянның ағайындарының бірі Сары дегеннің Қыстаубай деген баласы қалмақтың Лағыл деген қызымен қашып кеткенде әкесі қуып жетіп өлтіруге Баянды жұмсайды. Алайда Баян екі жасты өлтірмейді, киімдерін қозы қанына малып алып келеді. Сонда осы аңыздар негізінде Ноян Мағжан қиялынан туған.

10-тақырып Ж.Аймауытов

Жоспар

1. «Ақбілек» романы
2. «Қартқожа» романы

Роман тақырыбы, идеясы

«Ақбілек» романы – кезінде жеке кітап болып басылып үлгермеген шығарма.

Романда азамат соғысы кезіндегі қазақ даласындағы аласапыран жағдай, әлеуметтік тартыстар, жеке адамдар тағдыры сөз болады. «Мұнда феодалдық-рушылдық ортада жікшілдік тартыстардан қорлық көрген қазақ қызының жаңа заман шындығын пайдаланып, өз бақытын табуы, тең құқылы азамат болуы бейнеленеді», – дейді С. Қирабаев[9, 14 б.].

Ақтар қашып, қызылдар қуып, қазақ елі тыныштықтан айрылған заманда көптеген қиянат, зорлық-зомбылықтар болып жатты. Әсіресе қазақ қызының бұрын болмаған қорлыққа ұшырауы – ауыр сын. Оны жеңіп шығу үшін қайрат-жігер, төзім керек болады. Романдағы басты кейіпкер өмір ауыртпалығын осындай қасиеттері мен білім арқасында жеңіп шығады.

Ақбілек, Қарамұрт, Бекболат бейнелері

Негізгі кейіпкер Ақбілек – роман басында уайым-қайғысыз жүрген ерке қыз. «Мамырбайдың Ақбілегі, Ақбілегі – жас түлегі, айы-күні – сұлу қызы, алтын сырға, күміс шолпы сылдырлатып, былдырлатып, ақ көйлегін көлеңдетіп, қызыл, жасыл көрпелерін қағып үйге әкелген ед» [9, 145 б.].

Ақбілек екі кештің арасында бақытсыздыққа ұшырайтынын қайдан білген. Тауды паналап жүрген қашқын ақтар Мұқаштың көрсетуімен Ақбілекті тауға алып кетеді.

«Қартқожа» романы. «Бұл – қазақ кедейінің өмірін, оның әлеуметтік арпалыстар кезіндегі күрделі тағдырын эпикалық үлгіде көркем бейнелеуге арналған қазақ әдебиетінің алғашқы көлемді шығармасы» [9, 9 б.].

Мұнда ақ патша заманынан бастап 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс, елді біресе ақтар, біресе қызылдар билеп, аласапыран болған кез, жұрттың малын тартып алу, байларға қысым секілді әлеуметтік ірі оқиғалар кең көлемде баяндалады.

1

Осындай жағдайларды суреттеуде Жүсіпбек өзінің реалист жазушы екендігін дәлелдейді.

Қазақ жерінен тыныштық кетіп, дүние астаң-кестең боп жатқанда Қартқожаның оқуға ұмтылуы, оқудың арқасында көзі ашылып, мұқтаждықтан құтылып, елге жаны ашитын, ел қамын ойлайтын азамат боп шығуы – роман идеясы.

Роман 1926 жылы Қызылорда қаласында жеке кітап боп басылып шығады.

11-тақырып С.Сейфуллин

Жоспар

1. **Сәкен романтизмі**
2. **Сәкен реализмі**

Қазақ лирикасындағы романтизм дамуы дегенде, Мағжаннан кейін еске түсетін ақынымыз – Сәкен Сейфуллин. Қазақ әдебиетін, оның ішінде қазақ поэзиясын зерттеуде көп еңбек сіңірген Е.Ысмайылов 1960 жылы: «Қазақ әдебиетінде революцияшыл романтика Сәкен шығармаларынан басталады»[2],– дейді. Бұл арада зерттеуші Сәкенмен қатар жыр жаза бастап, одан гөрі де романтизмге, терең бойлаған Мағжан барын білмей отырған жоқ. Пікір айтылған уақыттың Мағжан есімін атап, оң бағалауға тыйым салынған кезең екені белгілі. Сөйткенмен де қазақ лирикасындағы романтизм дамуында Мағжанмен қатар Сәкен ролі үлкен екенін кемітуге болмайтыны анық.

Сәкен романтизмі дегенде (кейін Сәкен реализмі сөз болғанда да), жекелеген пікір білдіру, мақалаларды былай қойғанда, арнайы монографиялық еңбектер[3] жазылғанын, онда Сәкеннің негізінен реалистік дәстүрді ұстаумен қатар, әсіресе, бастапқы кезде романтикаға көңіл бөлуі сөз болғанын еске аламыз. Сондай-ақ жаңа заман басталымында туған романтизм ролін дөп анықтаған мына бір пікірге назар аударғымыз келеді: «Жаңа әдебиеттің бұрынғы дәуірден үлкен айырмасының бірі- революциялық романтизм.Бұл сипат революция кезіндегі және онан кейінгі әдебиетте өріс алды. Революцияның қатал шындығы реализмді талап етсе, оның болашағы, орындалар арман-тілегі романтизмді керек қылды. Екеуінің қосындысы әдебиетке жаңа мағына, форма бергені анық»[4].

С.Сейфуллиннің алғашқы туындыларын (1914 жылғы) алып қарастырсақ, өмірді әдеттегі қалпында бейнелеген «Нұра», «Жайлауға көшу», «Қоштасқан жер» өлеңдері арасында суреттеу мәнері тұрғысынан оқшау көрінетін шығармасы – «Түс». Өлеңде лирикалық қаһарманның түсінде жапан түзді кезіп жүріп, «қорғансыз бір бақшаға» кіруі сөз болады. Бақшадағы өсімдіктің жаздағы (күздегі емес) құраған түрі нақты көрсетілген:

Бостандықтың таяу қалғанын сезіп, оған үлкен үміт артып, жаңа пафоспен жазылған ақын өлеңінің бірі – «Далада». Шығарманың алғашқы жолдарынан-ақ көрінгендей, лирикалық қаһарманның әдеттегі ат емес, «Жүген-құрық тимеген, // Жасынан ноқта кимеген // Алты жасар асауды» ұстап мінуі де жай адамның қолынан келе бермейді. Асаудың бұдан әрі өрілген әрекеттері де оның әншейіндегі жүйрік деген аттан мүлде бөлектігін әйгілейді. Асаудың үн қатуы да ерекше: «Ақырды асау». Ақырудың біз естіп келген кісінеуден көп жоғары екені белгілі. Ат үніне даланың жаңғыруы да дыбыс артықшылығын (даланы жаңғырту оңай ма) аша түседі. Тіпті, асаудың тулап, орғуы тұсында даланың «дүбірлеп» күңіренуі де өзгеше әсерлі. Бұл ерекшелікті аттың жалқұйрығы желмен ысқыруы, «жүйткіп, зымырап» құлашын керуі; демі көріктей ырсылдауы т.б. шарықтата түседі. Лирикалық қаһарман ісі де қарапайым адам қолынан келе бермейді: «Алты жасар асауды» ұстап мінумен қатар, ол орғыған, атқа ие болуымен (ұшып түспей) ғана тынбайды, «Орғытып, ұшыртып жүріп // Көкіректі кернеп // Кең даланы күңірентіп // Қатты айқайлап» ән салады. Лирикалық қаһарман даусының зор екенін оған қосылған көлдің көлемі кең «шалқар» болуы (жай енсіз көл емес,шалқар көлді қамту оңай

2

3

4

ма) дәлелдей түседі. «Шалқар» болуымен де тынбай,оның алдында «аққулы-қазды» сөзі келуі де көлдің көлемін ғана емес, байлығын жайып салады. Лирикалық қаһарман әніне тек көл емес, өзен де қосылуы, өзен болғанда да оның «қамысты-құрақты көк» өзен күйінде қоштауы да (көк – әсемдіктің, қамыс – құрақ белгілі бір барлық, байлықтың белгісі десек) дауыстың пәрмеңділігін арттыра түседі. Осындай ерекшеліктері арқылы бұл өлеңдегі лирикалық қаһарман романтикалық сипатқа ие болып тұр. Шығармада лирикалық қаһарманның үздік сипатына ол атқарған істердің кесектігі ғана емес, өлең тармақтарының біркелкі болмай, біресе кілт ұзарып, бірде кілт қысқарып, екпін, саз түрлішелігін тудыруы да ықпал еткен. Сондай-ақ инверсияны пайдалану: қимылды білдірерлік сөздерді, етістіктерді, алдымен беріп, одан кейін барып сол әрекет иелерін келтіру нәтижесінде соңғы сөзге арнайы көңіл бөлгізу жүзеге асуы да сол іс қожасының ерекше сипатын тұлғаланта түсуге септігін тигізген (Лирикалық қаһарманның бұл ерекшелігі «Сәкен стилі» тақырыбы тұсында да сөз болады.– Қ.Ж.). Мәселен, «ақырды» сөзінен кейін «асау» қолданылуы («Ақырды асау»), «жаңғырды» етістігіне ілесе «дала» алынуы («Жаңғырды дала»), сондай-ақ «тулады, орғыды» өрнегінен соң тағы да «асау», «Дүбірлеп күңіренді» тіркесіне жалғаса «дала» сөзі орын тебуі, т.б.– бәрі тармақ соңындағы «асау», «дала» сөздеріне екпін ұялатып, кідіртіп, сол кейінгілерге басты назарды аудартуға жол ашады.

Әдебиет
1. Жүсіп Қ.П. Қазақ лирикасындағы стиль және бейнелілік. Павлодар,2007

12-тақырып Б.Майлин

Жоспар
1. «Күлтай» әңгімесі
2. «Қара шелек» әңгімесі

«Күлтай болыс»

Күлтайдың күйеуі екі жыл тұрған соң қайтыс болады. Жұмабай дейтін қайнысы бар деп есіттік. Күлтай кейде осы қайнысы туралы ойланып:

-Я асқан данышпан шығар да, я дым білмейтін милау шығар,- дейтін.

Күйеуі өлген соң Күлтайға ие көбейді. Қатыны бар Бірмағамбет, қатыны өлген Әжігерейдің ойлары болады. Күлтайдың немере ағасы Абдол Күлтайды Әжігерейге икемдеп, Жұмабай сенің теңің емес, онымен күн көре алмайсың- дейді.

Күлтай абысын-ажындарымен сөйлесіп, Жұмабай туралы сөз тартып көрсе:

-Жуас бала еді, үндемейтін еді, бұл елден кеткелі көп жыл болды ғой,- дейді.

«Ауылдың әңгімесінің көбі Күлтай маңында болып, дәмелеліердің саны күн сайын өсе беретін болған соң, Күлтай жұрттың бетін қайтара жауап береді:

-Ешкімнің керегі жоқ, мен өз қайныма тимеймін,- дейді.

Мұнда Күлтайдың өжеттігі көрінеді. Біреудің тоқалы болуға көнбейді. Жеңгесіне қосамыз деп Жұмабайды шақыртса, оны бай жібермейді. Күлтай өзі Жұмабайды іздеп барады. Күлтайдың батылдығына куә боламыз.

«Күлтай Жұмабайды жібермеген байға бір ашуланса, басына билігі келмеген Жұмабайға екі ашуланды: «Саған кейігенде мыналарға тиіп кетсем қайтеді?»- деп те ойлады. Бірақ Жұмабайды сыйлағаннан

емес, ағасына, ауыл-аймақтың пысықтарына ерегескендіктен Күлтай бұл ойдан аулақ болды.

Жұмабайдың портреті: «Шегір көзді, үрпек қас, сары жігіт еді.Үндемейтін ынжық, момын еді»

-Байым болса өлді, бір үйде жалғызбын, қайнымды босатып алуға келдім,- деді Күлтай байға.

Қызыл шырайлы келген жап-жас әйел. Сөзі мірдің оғындай. Мұндай әйелдің байы өлсе, ақсақалдардың мұраты беріп, қатын алам деген мырзалар бір жабылып қалар еді. Жұрттың осы әдетіне бағынбай, «адамдыққа сән жоқ қайнысын» іздеп жүргені адам таңқаларлық жұмыс-ау»,- деп бай бір ауыз сөзге келместен Жұмабайды босатып жіберді.

- Сенің ниетің арам, соның жылтыраған бетін көрген соң малайыңды босатып отырсың,- деп Байды бәйбішесі бұрумен болды.

Бәйбішенің сөзінен Күлтайдың тартымдылығы, көріктілігі байқалады.

«Күлтай Жұмабаймен қосылды да, шаруашылығын істеп, көп кедейдің бірі боп жүре берді. Ешкімге қол жаулық та болмады, ешкімнің тәлкегін де көтермеді.

Күлтайдың намысқой, арлы әйел екенін көреміз. «Мына жаманды байым бар деп отырады дейсің бе, осының өзі «жігітшіліктен құр емес шығар» деп, қыңыржақтанғандардың меселі қайтып болды.

Күлтайды көре алмағандар күйеуі жас болған соң, оның көзіне шөп салатын шығар деп ойлағандардың дегені болмайды.

Төңкеріс болғанда осы ауылға Күлтайдың оқыған ағасы келіп, оған біраз кітаптар беріп кетеді.

Күлтайдың үйіне адамдар газет, журнал тыңдауға жиналып отырады.

Ауылдың кеңес сайлауы болғанда, Күлтай сельсовет мүшесі болып сайланды. Болыстық кеңес съезіне өкіл болады. Бірмағамбет, Әжігерейлер кедергі жасамақ болғанмен, сайлаушы жігіт әйелден біреу болу керек деп күштеп жібереді.

Байғасқа мен Нұрғожа болыстыққа таласады. Байғасқа жеңілетінін біліп, болыстықты Күлтайға ұсынады. Ақтам Күлтайды сайлауға 5 өкілді көндіреді.

Күлтай болыс болып, Бекбосын деген аздап орысша оқығаны бар бір пысық кандидаты болды.

«Күлтай істі алмақшы болып кеңсеге келсе, бұрынғы болыс Дүйсенбай дейтін ел ағасы еліне жүріп кетіпті. Күлтайдың орынбасары Бекбосын хатшыдан істі алып, болыстықты өзіне икемдеп барады. Болыстық кеңсеге тұс-тұсынан ағылып жатқан жұрт. Сол көптің бірі сияқтанып Бекбосынның үстелінің бұрышында Күлтай екі күндей жайдан-жайға отырды да қойды. Неге отырсың?- деп Бекбосын да сұрамады. Келген кісілер болысымыздың түрі мынау ма?- деген секілді боп жымыңдап күліседі.

Күлтай әуелгі кезде қалай жұмыс істеу керектігін білмеді, соны Бекбосын да пайдаланбақшы болады.

Күлтайды құтқарған- ағасының танысы болком хатшысы. Ол Күлтайға не істеу керектігін түсіндіреді. «Бұдан былай да барлық жұмысына басшылық істеп отыратындығын да айтты. Күлтай қуанып тасып кетті. Осы қарқынмен кеңсесіне барды**. Бірсыпыра жуандар, пысықтар,** Бекбосынды ортаға алып, арыздарын айтысып жатыр еді.

Болыстың бұрынғы хатшысы ұры иттей жылмаңдап, Бекбосынға дәйек боп жүр.

- Хатшы жолдас, мен сағаң жұмыс тапсырайын,- деді оны шақырып алып:- бірінші, маған осы бөлмеге стол қойып беріңіз. Екінші, Дүйсенбайды шақыртыңыз. Келіп істі тапсырсын; үшінші, қазіргі сағаттан бастап, маған қол қойдырмай бір қағаз жіберуші болмаңыз!»

Күлтай осылай жұмысын бастайды. Жаңағы сөздерімен хатшы мен орынбасарды орындарына қояды. Өйткені олар Күлтайды басынып, билікті өздері алып алған.

«Мынауың қалай?» дегендей боп, хатшы жалтақтап Бекбосынға қарады. Бекбосын қызараңдап, қысылып қалды:

- Іс алынды ғой, істей береміз ғой,- деді ол күмілжіп.

-Істі ал деп мен сізге тапсырғам жоқ. Жазу-сызусыз істі алып Дүйсенбайдың былығын мойныма жүктей алмаймын. Тез шақырт,- деді хатшыға.

Бекбосын төмен қарап, қағазын шұқылаумен болды. Арыз айта келген жуандар бұл екеуінің қайсысы бастық екенін біле алмай састы».

Бұл жерде Күлтайдың керек жерінде мінез көрсете алатынын байқаймыз.

«Күлтайдың болыс болған хабары елге неше түрлі құбылып тарады. Неше түрлі өсек жалғанды.

-Бекбосын мен Ақтамның сайлаттырып жүргені көрінеді, қуларға ермек керек қой,- деп күлісті.

Жұрттың арам ойы мынау: өзін болыс сайлатқаны үшін Күлтай ана екеуінің қолжаулығы болады.

«Күлтай болыс болып іс басқарады деп ешкім ойына да алған жоқ, бәрінің де көз тіккені Бекбосын болды. Бірақ Бекбосынға жұмысын істетіп алмақшы болып кеңсеге келгендер екінші күйге кездесті. Төменгі жаулықты басына тұмшалап орып, қағазға үңіле түсіп, қызыл шырайлы әйел отыр. Көзілдірік киген бурыл шашты хатшы бір қағазды жазып әкеліп, қол қойыңыз десе, әлгі әйел қағазды оқып, қабағын түйе түсіп:

-Бұл қазақшылықты қашан қоясыз, бір айтқан соң болды ғой деп, қол қоюдың орнына қағаздың бетін сызып-сызып тастайды**. Қағаздың бетін сызып жатқан қалам хатшының бетін сызып жатқанмен бірдей болды.** Бұл- психологизм. Өйткені бурыл шашты хатшыға қағазын сызып тастау оңай емес. Бурыл шашты деген-деталь. Оның көп жылдан бері істеп келе жатқандығын білдіреді. Жасы да үлкен.

Бір шал Күлтайға арыз әкеледі. Тоқалы малайымен қашып кетіпті. Сонда Күлтай айтады:

- Сот арқылы еншілерін түгел алуы керек еді.

Арызшы шал етіне біз сұғып алғандай боп шіміркеніп, кейін шегіне берді. Бұл- кезең әділдігі.

Күлтайдың кенет жоғарылап кеткені Жұмабайға ауыр тиді. Үйде жалғыз қалды.

-Байғұс-ау, сен де өлмес қамыңды істе енді**, сағаң аспандағы бұлт жуық қой,-** деп жеңгелері Жұмабайдың «қайғысына» ортақтасатын болды.

«Сағаң аспандағы бұлт жуық қой» дегені- күйеуің болыс қой дегені, Күлтай кеңседе отырады, үй жұмысын істеуге уақыты жоқ.

«Бір күні ауылнай келіп Жұмабайға:

- Сені болыс шақыртып жатыр,- деді.

Жұмабайдың көзі адырайып кетті. Антұрған, болыс шақырады демей-ақ Күлтай шақырады десе қайтетін еді?» Жұмабайдың көзі адыраюы- қорқып кетуі. Өйткені «болыс» деген сөзді естігенде, әйелі екенін ұмытып кетіп, шошып кетеді. Әйелінің болыс болғанына әлі үйренісе алмай жүргенін білдіреді.

Жұмабай барды. Көк төбелі ағаш үй болыстың кеңсесі. Жүрегі дүрсіл қағып, Жұмабай көпке шейін кіруге бата алмай, есіктен сығалаумен болды. Күлтайдың үстінде таза киім, қолында қалам-қағаз. Жетіншінің ауылнайы кіріп еді, ел ішінде атағы бар тәуір-ақ жігіт қой, Күлтай соны бүріп ала жөнелді.

-Айтатындарың өтірік, істейтіндерің подлог, сөйтіп отырып кеңестің ауылнайы болмақсың!- деп.

Бір рет есік ашылғанда Күлтайдың көзі Жұмабайға түсіп кетіп:

-Әй, не ғып тұрсың, кір!- деп дауыстады. Жұмабай состиыңқырап кіріп еді, Күлтай күлімсіреп жанындағы орындыққа отырғызды.

-Ал, денің сау ма, жүдеген жоқсың ба? Көшіп келсін деп ем ғой, бұратола келдің бе?- деді.

Маңдайынан тер бұршақтаған жетіншінің ауылнайы, әшейінде Жұмабайды көзге ілмесе де, тап сол жерде Жұмабай болмаған екем,- деп күндеді.

Жұмабайдың есіктен сығалап кіре алмай жүруі- оның жасқаншақтығын, әйелім болыс болды деп, өзін төмендететінін білдіреді. Ал Күлтайды қатал түрде көреміз. Ол атағы бар, тәуір деген ауылнайдың өзін аяғын қия бастырмайды. Талап қойғыш, бұрмалағанды ұнатпайды. Әділ, тура басшы ретінде өзін танытады. Бірақ күйеуіне жұмсақ.

Сөгіс естіген ауылнайдың Жұмабайға қызығуы- психологизм.

Жазушының Күлтай бейнесі арқылы айтайын дегені- қоғамдық жұмысқа кіріскен әйел жұмыста қатал, бірақ күйеуіне адал, жұмсақ болу керек. Әйелдік орнын білуі керек.

Б.Майлиннің «Қара шелек» әңгімесі

Бейімбет Майлиннің әңгіме жанрының шебері екендігі туралы кеңес дәуіріндегі ғалымдар жеткілікті айтқан болатын. Т.Нұртазин : «Қазақ әңгімесі» дегенде алдымен Бейімбет Майлин есімі тілге оралады. Бұл қаламгер әңгімені сан жағынан да, сапа жағынан да жазушыларымыздың бәрінен көп жазды, келістіріп жазды. Бұл пікірді басты жазушымыз, көркемсөз шебері, әдеби теорияға жетік М.Әуезов сан реет пысықтап айтып жүрді» [14, 46 б.].

М.Қаратаев «Шеберлік шыңына» атты еңбегінде былай дейді: «Бейімбет Майлин прозасының қалыптасқан белгі, сипаттары мыналар: оқиғалары мен фактыларының нақтылығы, ақиқаттығы, шын тұрмыстан алынатындығы, образдарының айқындылығы, стилінің қарапайымдығы, суреттерінің шағын да болса шығарма көлеміне шақ, өрнектілігі, байырғылығы, сөйлемдерінің келте, қысқа болғанымен оралымдылығы, диалогтарының мағыналылығы, әңгімелеу сарынында сезімталдық пен әзілшеңдіктің басымдығы» [15, 242 б.].

«Қара шелек» әңгімесі былай басталады: «Әңгіме қара шелектен басталды. Айшаның атасының басындай сақтап жүрген шелегі ғой. Үшінші жыл болып барады, Айша шелексіз қалып, шелек сұраймын деп

абысын-ажынға жексұрын көрініп, ақырында Бірмағамбетті бүріп, Кәстеңкенің дүкенінен алдырған шелек еді. Айшаның жинақылығы, күтімділігі, бірін мыңға балап ұстайтындығы бүкіл ауылға мәлім. Салақ қатындар Айшаны жаратпағанда, Айшаға мін таққысы келгенде:

– Көріне бірге алып кетсе көрерміз; әйтпесе кімнен қалмаған дүние, – деп бұрқылдасады.

Бұл жерде бірден Айшаның пысық, шаруақорлығы ашылады.

«Сол қара шелек бүгін майып болыпты. Қожағұлдың қара тоқалы біреуден нәрсе сұрамай, алған нәрсесін бүлдіріп бермей жүре ме, бүгін келіп қара шелекті сұрай қойды. Айша шелек сұраушыны жайшылықта маңына жүргізбейтін:

– Менен кедей емессіңдер ғой, керек болса, сатып алыңдар,- дейтін.

Айшаның оңайлықпен біреуге шелегін бермейтіні көрінеді. Енді келіп салақ қара тоқалға шелекті қалай беріп қойған себебі мынау: «Бүгін сонысын айта алмай ќалды. Айта алмай қалған себебі болды: бүгін айға толды, Бірмағамбет жоқ! «Аудан жұмсапты, науқанға өкіл қылыпты, 5- ауылдың байларын Бірмағамбет протоколдап ауданға айдап жіберіпті.» – деген сияқты хабар еміс-еміс естіледі. Науқаны несі? Байларда не жұмысы бар? Айлап қаңғырғандай, ай толғанша үй бетін бір көрмегендей не болды? Бұл не сұмдық? Қатын-баласынан безген адам бола ма екен? – деп бірер күннен бері Айша үздіксіз ойлаумен жүр. Күл шығарса да, от жақса да, жалғыз ала сиырды қақпалап суатқа апарып суғарса да есі - дерті Бірмағамбет болады да жүреді». Айша осындай қалың оймен Бірмағамбетті уайымдап жүріп, оның үстіне жиылыста біреу коллективке қатысты:

– Әйелдерді де ортаға салатын болсақ екен, – дейді-ау. Шынымен солай болса, әйелдер де ортаға салынса... Айшаның ойына Бірмағамбеттің мінезі түсе қалды: қызғаншақ, күйгелек, томырық... «Сені жанымдай көремін, сағаң біреу тікелеп қараса, ішім күйіп кетеді...» дейтін Бірмағамбет кейде.

Бейімбеттің кейіпкері ой үстінде жүргенде іс-әрекетте суреттеледі.Жоғарыдағы мысалда Айша күл шығарып, от жағады, сиырын суатқа апарады. Осындай үй жұмыстарын атқарып жүріп, Бірмағамбетті ойлаумен болады. Бұндай тәсіл Чехов әңгімелерінде де кездеседі. Оның «Святкиде» әңгімесінде қызын ойлап жүрген кемпір былай суреттелетін: «Кемпір сорлы таңертең ерте тұрып сиыр сауып жүрсе де, пешке от жақса да, түнде ұйқылы-ояу жатса да: Ефимьям не болды екен, аман-есен жүр ме екен деп қызын ғана ойлайтын» [16, 331 б.]

Коллектив туралы осындай алып-қашпа сөздерді ойлап отырғанда шелек сұрап қара тоқал келеді. Айша таза әйел болса, ол керісінше салақ: «Жаулығы салтақ-салтақ кір. Аяғындағы кебісі бір жамбастап қисайып кеткен. Жау қуып келгеннен жаман ентігіп, қотыр малдай пешке сүйене тұрды да:

– Апырым-ай, Құдайдың күніне не болып кетті, түбі түсіп кеткен шығар, күнде боран, есті тандыратын болды ғой. Осы боранда ерігіп, жиылысқа келіп жүргендерін айтам-ау, «Шоққайыңның» 4-5 адамы үйге келіп, әкемдей болып сіресіп отырып алды. Соларға шай қойып беріп құтылайын деп едім, екі шелекпен бармасам, боранда қайта-қайта барып жүру қиын, шелегіңді бересің бе, келін? – деді.

Қара тоқалдың не айтып, не қойғанын Айша ұғынған жоқ, сөзіне құлақ та салған жоқ. Жалғыз-ақ «шелек» дегенін ұғынып қалды. Шелекті бермесе қара тоқал мылжыңдап мазасын ала беретін сияқты болды. Содан құтылғанша асықты. Өзі үйде оңаша қалып, істеген ісін тағы бір ойлап шықпақшы болды.

– Ана жақта тұрған шығар, ал! – дей салды.

Қара шелек қолынан осылай шығып кетіп еді.

Бейімбет – шағын әңгімеге барлық мәселені сыйғызып жіберетін шебер жазушы. Айшаның ойы арқылы коллективтендірудің қалай өтіп жатқанын, өзінің артель бастығы болып сайланғаны, мал ортақ болады дегенде әзер дегенде жинаған 2-3 малын уайымдағаны, әсіресе бір шелек сүт беретін ала сиырын уайымдағаны – бәрі бізге мәлім болады. Осындай нәрселерді ойлап отырып, шелекке мән бермеуі – логикалық дәлел.

Ал, қара тоқалдың шелек сұрап келуіне де себепкер – жиналысқа келген адамдар.

Қара тоқалдың салақ екені де айтылып қалады. Жалпы, Бейімбет әңгімелерінде әйелдердің салақтығы не көкдолылығы немесе тағы басқа мінездері қағыс қалмайды. Бірақ таза әйелдерден гөрі салақ әйелдер көбірек сыналады.

Бір ғана қара шелек арқылы сол кездегі жұрттың колхоздастыруға қатысты түсініктері, заманның астан-кестеңі шыққанын айқын көреміз. Шелек оқиғасы сюжетте байланыс қызметін де атқарып тұр.

«Кеш болып, үй-іші қара көлеңке тартқан соң, суға барайын десе, шелегі жоқ. Шелегін қара тоқалдың алып кеткені Айшаның есіне сонда түсті. Жаны шығып кете жаздады, өйткені, қара тоқалдың қолына түскен ыдыс сау қайтқан емес: кесе алса, екі бөліп қайтарады, ќұманша алса, шүмегін сындырып қайтарады, шелек алса...

Айша шыдай алмай үйден шыға жүгірді**.** Екі үйдің арасына жалданып тұрған қарға тізесінен батып малтықты, оған да тоқтаған жоқ, қара тоқалдың үйіне жеткенше, қара шелекті көргенше асықты».

Айшаныњ қарға малтығып жүгіруі – деталь. Өйткені, тоқалдың ыдысты сау қайтармайтынын біледі. Уақытты кетірмей тез жету керек. Айша қара тоқалдың үйіне барса:

«Шашы обырап, күлді бұрқыратып қара тоқал пештің алдында отыр еді. Есіктен кірген Айшаны көрді де, ашуланған пішінмен шымшуырмен отты көсеп-көсеп қалды. Күл бұрқырап пештің аузынан көлбеп ұша берді.

– Шелекке келіп едім, – деді Айша әлденеден қорыққандай.

– Әлгі қағынғыр бала... өзінің де сыйын бердім... – деп қара тоқал отпен бола берді.

Айша шошынып, сезіктеніп, қара тоқалға төне түсті. Тоқал қаймыққан түрмен қарап:

– Неге төндің? Үлкенді сыйлап именсе қайтеді екен бұлар? Әне, жатыр шелегің, – деді.

Айша босағаға қараса, екі бүктетіліп, түбі аламайымен сөгіліп, қара шелек жатыр! Жаны шығып кете жаздады. Жалма-жан шелекті алып, қара тоқалға жіберіп ұрды. Ызаланып көзінен жасы ыршып-ыршып кетті.

–Ойбай, өлтірді мына иттің баласы! – деп қара тоқал шаңқылдап, үйді басына көтерді».

Қара тоқалдың екінші рет салақтығы көрінеді: шашы қобырап кетуі, күлді бұрқыратып алуы. Айшаны көргенде бүлінген шелек есіне түсіп, соған өзі де ызаланып, бір жағынан Айшаның да құр кетпейтінін алдын-ала сезгендей – осының бәрі бір-ақ қимыл арқылы, шымшуырмен отты салып қалуынан байқалады. Ашуланып қимылдағаны соншалық, күлді бұрқыратып жібереді.

Айша шелектің «қазасын» естуге қорқып, күдіктеніп сұрағанда даусының да қалай шығатыны белгілі.

Тоқал бір-екі сөзбен ғана болған жайды аңдатады. Шелекті бүлдірген бала екенін, өзінің де таяқ жегенін аңғарамыз.

Айша шелектің бүлінгеніне көз жеткізу үшін тоқалдың жанына жетіп барады. Қара шелек жай майыса салмаған, жарамастай боп бүлінген. Сондықтан Айшаның жаны шығып кете жаздайды. Шелектің бүлінгені қатты батқаны соншалық, тоқалды шелекпен ұрады. Ызаланғанынан көзінен жас шыққаны – шелекке қолы әрең жетіп еді, ол кезде ыдыс ќымбат тұрады, алу оңай емес.

Жазушы көлемі шағын диалог пен баяндаудан екі әйелдің образын, психологиясын өте дәл, ықшам, шебер түрде жеткізген. Қабдолов айтатын дәлдік пен ықшамдылық бар. Бір сөздің өзі кейіпкердің ішкі жағдайын ашып береді. Ауыл әйелдерінің мінез-құлқы айна-қатесіз нақты беріледі. Әйелдердің қандай жағдайда қалай сөйлейтіндіктерін жетік меңгерген.

«Шам жаға Қожағұл келді. Бет-аузына жабысқан қар еріп, сақалынан тамшылап тұр Екі үйдің арасы әжептәуір алыс екені, қар борап тұрғаны білінетін деталь.

– Келін шырағым, біздің әйелге қол тигізбей-ақ қойсаң болмай ма? – деп күрсінді (тоқалының кінәсін біліп тұр).

– Сындырмасын, бүлдірмесін біреудің нәрсесін!

– Сындырмасын дегеніңіз дұрыс қой, бірақ «біреудікі» дегенді қойса да болады ғой. Мана өзіңіз бар емес пе едіңіз, не деп еді өкіл? «Керекті құралды ортақ пайдаланасыңдар» демеп пе еді? Сол құралдың бірі шелек қой. Бастық адам ұрмас болар, «бастығымыз_осылай қылды, ұрды» деп арыз берсек, «потсот» кететініңізді білесіз бе?».

Мұнда адамдардың «ортақ мүлік» дегенді қалай ұғатындары байқалады.

Айша өзін тентекке санады. «Шынында, солай екен: ортақ мүлік, алып пайдаланды. Сындырса да еркі бар емес пе?», – деп ойлады. Ойлап еді, көз алдына жапырылған қара шелек елестегендей болды, шашы жалбырап, пеш алдында албасты құсап отырған қара тоқал елестеген сияқтанды» Айша колхоз заңына бағынса да, қара тоқалдың ісін мақұлдай алмайды. Кейіпкердің ішкі психологиясы көрінеді.

Бірмағамбет келгенде Айша болған жайды айтады. Қожағұлдың сотқа берем дегенін де айтады.

– Туу, содан қорқып жүргенің бе? Қожағұл сотқа беруші ме еді? Қожағұлдың кім екенін білесің бе? Ол – саудагер, ол – молда. Берікболдың жаназасын шығарып, қызыл бұзауды алғаны биыл күз емес пе еді? Ортақ мүлікке шелек қосылушы ма еді?

Сол кездегі саясат бойынша қайтыс болған адамға жаназа шығаруға тыйым салына бастағанын аңғарамыз. Атеизм қағидасы тұрғысынан мұндай істер кеңес өкіметіне жат боп саналды. Ол кезде саудамен айналысқан адамды алыпсатар деп айыптайтын.

Колхоз туралы жиылыс болып жатқанда:

– Иә, Алла, өзің медет бере гөр! – деп Қайралап ауыр күрсінеді. Осы Қайралапты колхозға алмаймыз деп, жиылыстан қуады.

Қайралапқа жоғарыдағы сөзді жазушының айтқызуында көп мән жатыр. Сол сөзді жазушының өзі айтып отырғандай.

Әдебиеттер:
1. Қазақ әдебиетінің тарихы. 3-т., 1-кітап. 1967.
2. Қазақ әдебиетінің қысқаша тарихы. А., 2002, 2-К.
3. Жармағамбетов. Б.Майлиннің творчествосы. А., 1958.
4. Т.Нұртазин. Б.Майлин творчествосы. А., 1966.
5.М.Қаратаев. Шеберлік шыңына. А.,1963.
6. Р.Рүстембекова. Б.Майлиннің драматургиясы. А., 1969.
7. С.Ордалиев Сөз зергері. А., 1982.

13-тақырып І.Жансүгіров

Жоспар

1. Ілияс романтизмі
2. Ілияс реализмі

Өмірдегі айрықша құбылыстарды бөліп алып нақыштау, романтикалық қаһарманды әспеттеу І.Жансүгіров шығармашылығында да біраз кездеседі. Сәкен романтизмі дегенде, қаһарманды алабөтен қиындық өткелінде сынау жетекші роль атқарса, сонымен бірге оның қаһарманы үнемі дерлік бар кедергіні жеңуші, жеңімпаз ер бейнесінде алынса, Ілияста жеңімпаздық сарын кейіндеу үстем болады да (мәселен, 1929жылғы «Гималай» өлеңінде), оның есесіне, әсіресе, бастапқы өлеңдерінде қайғы-мұңға, тұспалдауға ойысу басым болып келеді. Сондай-ақ Мағжан, Сәкендегі тәрізді Ілияс романтизмі де реализмнен мүлде бөлектеніп, томағатұйық жолмен кеткен жоқ. Қайта бастапқы тауындыларында, әсіресе 1917жылға дейінгі жырларында, негізінен алғанда, реализм басым түсіп, сол реализм аясында романтизм элементтері ұшырасып отырды.Мәселен, 1912жылғы «Күзгі гүлге» өлеңі-реалистік сипатта жазылған туынды. С.Сейфуллиннің осыған дейін талданған «Түс» өлеңінде гүлдердің т.б күзде емес, жазда солуы суреттелсе, мұндағы айырмашылық: күзде сарғаю сөз болады. Жапырақ, гүлдің күзде солуы машықты жағдай екені белгілі. Әйтсе де өлеңнің: «Қар қатып, пәк денеңе мұз тұрса да, // Жазды күт, күзгі гүлім», – боп аяқталуында табиғаттың жылы мезгілін тосумен қатар, адамдар өміріндегі жазды күту, яғни бостандықты (жаз бостандықтың символдық белгісі десек) аңсау идеясы да меңзелген. Бұл тұспалдауды шартты түрде романтизм элементі десек, өлең, негізінен алғанда, реалистік болса да, романтизм шарпуына да аздап бөленгенін байқаймыз.

Ақынның романтикалық қаһарман жасаудағы іргелі бір табысы – оның 1923 жылы жазылған «Ызалы қиял» өлеңі:

Ай ұшамын аспанға,
Жер жағдайы жақпайды.
Аспанға аяқ басқанда,
Кім көңілімді сақтайды.
Жай отымен ұстасып,
Мен көк дауыл зырлаймын.
Зайрамен көңілім тұтасып,
Айына да тұрмаймын.
Зәулім жақпар қара құз
Екпініме торқадай.
Жерді ораған көк теңіз
Сапырылар сорпадай.

Өлеңнің алғашқы шумағында-ақ лирикалық қаһарманның жер жағдайын жақтырмай, Айға ұшпақ болуының өзінде қатардағы адам сезімі емес, айрықша қаһарманға тән ширыққан толғаныс жатыр. Одан әрі лирикалық қаһарманның өмірде бола беретін дағдылы бөгетпен емес, «жай отымен» ұстасуы; «көк дауыл» боп зырлауы; тіпті Айға да аялдағысы келмеуі – бәрі ерекше мықтылық белгілері. Лирикалық қаһарманның күшейгені соншалық: оның екпінімен «жерді ораған көк» теңіздің өзі (сөзбе-сөз түсінсек, жерді орау мұхитқа ғана тән. Демек теңіз болғанда да, мұхит сипатындағы теңіз) сорпадай сапырылатыны әйгіленеді. Сонымен бірге «сапырылар сорпадай» тіркесі – қазақ ұғымына неғұрлым жақын ұлттық нақышты шебер пайдалану үлгісі. Шығарманың кейінгі бөлімінде де лирикалық қаһарман құдіретіне тәнті боламыз:

Ащы, қатты дауыстан
Қарағай, терек жығылар.
Қожайынсыған арыстан
Сескенер, тасқа тығылар.
Қабақты түйсем түнеріп,
Куілдеймін бұлт қуып.
Көшем көкке үдеріп,
Көз жасым – жаңбыр жер жуып.
Жерде мейірім, шапқат жоқ,
Бәрі залым, малқұмар.
Жерде әлсізге рахат жоқ,
Бәрі жаусыз, қанқұмар.
Жалаңаштың тұлғасын
Тондырар суық қысы бар.
Қайыршының дорбасын
Қағып жүрген кісі бар...
Дүние – дұшпан, мен-долы,
Ызам жердің жүзінде.
Талақ қылып мен мұны,
Ұшам Күннің өзіне.

Міне, осы үзіндідегі «ащы, қатты дауыстан» қарағай, теректің жығылуы да лирикалық қаһарман пәрменділігі арта түскенін айғақтайды. Қарағай, терек жығылуы оңай еместігін, оны не адамның ара, балтаны қолданып тіке әрекет етуі, не сұрапыл дауыл ғана сұлата алатынын ескерсек те, дауыспен ағаш құлатудың жай адамға тән еместігін оңай айырамыз. Демек бұл да қуаты да, мүмкіндігі де ерекше романтикалық қаһарманға лайық істер екені аян. Осыншалық шарықтаулардан кейін ірге тепкен лирикалық қаһарманның көз жасының жаңбыр боп жер жууы да сендірерлік. Сонымен қатар ақын жердегі зұлымдықты нақты нақыштамауымен ерекшеленеді. Біз жерді қандай зұлымдық басқанын (жоқшылық па, түрмеге жазықсыз қамау ма т.б.) біле алмаймыз, оның есесіне лирикалық қаһарманның үйрен-шекті мекеннен әйтеуір қашуы, жерде «жалаңаштың тұлғасын тоңдырар суық» қыс бар екені сөз болады. «Жаз» көбіне тоқшылықтың, кендіктің, «қыс» болса, қысым мен суықтың символдық белгісі екенін сараптасақ, «тоңдырған суық» қысқа біртүрлі секемденіп қарау туады. Түйін ретінде діттеріміз: лирикалық қаһарманның жерді жақтырмай, «күннің өзіне» ұшам деп, қоршаған ортаға соншалық наразылығын білдіретін осы өлең жолдары тек жиырмасыншы жылдардағы кесапатқа ғана емес, кейінгі, тіпті күні кешегі жетпісінші жылдардағы «тоқырауға», бейжай тірлікке, қысымға көне беруге қарсы бағытталған деуімізге болады. Демек лирикалық қаһарман сезімін және қоршаған ортасын нақты көрсетпей, жинақтау, меңзеу, шарттылық көмегімен оқшаулантып кестелеу нәтижесінде ақын белгілі бір мөлшерлі уақытпен шектелмей, ұзаққа созылуы мүмкін озбырлық үстемдігіне деген қарсылығын білдірген деп тұжырамыз.

І.Жансүгіров романтизмінің де, реализмінің де ең биік шыңы – «Гималай» өлеңі (1929 ж.). Шығармада әспеттелген Гималай тауының айрықша заңғар болып кеп, қалың мұнардан айыға алмауынан т.б. романтизм әсерін аңғарсақ, әсіресе, шығарманың екінші «Жауап» бөлімінен лирикалық қаһарманның күресті аңсауы мен жеңіске деген сенімінен реализм мен романтизм астасуын көреміз. («Гималай» өлеңі кейін Ілияс стилі қарастырылғанда кең талданады.– Қ.Ж.)

Әдебиет

2. Жүсіп Қ.П. Қазақ лирикасындағы стиль және бейнелілік. Павлодар,2007

14-таырып М.Әуезов

Жоспар

1. «Қорғансыздың күні», «Оқыған азамат», «Сөніп-жану», «Көксерек» әңгімелері
2. «Қараш - Қараш оқиғасы» повесі
3. «Қилы заман» повесі
4. «Еңлік- Кебек» трагедиясы
5. «Түнгі сарын» пьесасы
6. «Абай жолы» романы

М.Әуезовтің «Қорғансыздың күні» әңгімесі

Әуезов әңгімелері туралы М.Қаратаев былай дейді: «бұрын қорғансыз жандардың бақытсыздығы сүйгеніне бара алмаған тек әйел теңсіздігіне ғана байланысты көрінсе, М.Әуезов пен Б.Майлин творчествосында сонымен бірге жетім-жесірлікке, кедейлікке және әлеуметтік теңсіздіктің басқа да түрлеріне байланысты» алынды. Екінші: М.Әуезов теңсіздік пен әділетсіздіктің түрлерін өмірдің көп салаларында көрсету үстінде көркемдік шеберлік жөнінде лелеулі жаңалық жасады – ол нағыз көркем психологиялық прозаның шынайы үлгілерін салды.

М.Әуезов 1921 жылы жазылған «Қорғансыздың күні» мен 1928 жылы жазған «Қилы заман» повесінің арасындағы бір топ прозалық шығармаларының қай-қайсысында да Толстой мен Тургеневтің, Чехов пен Горькийдің дәстүрінде адам әрекеттерінің психологиялық дәлелдемелерін бейнелеуге бейімдігін көреміз.

М.Әуезовтің «Абай» романы

Романның алғашқы кітабы 1938-1940 жылдары «Телқара» деген атпен қағазға түсті. «Оқудан қайтқанда», «Қат-қабатта» атты тараулары 1939 жылы баспасөзде жарияланды. Романға кірісер тұста Леонид Соболевпен бірігіп «Абай» трагедиясын жазды. 1940 жылдың күзінде «Телқара» атты бірінші кітап жазылып бітті. Әуелі араб әрпімен баспаға тапсырылып, кейін кирилл әрпіне түсірілген «Телқара» 1942 жылы шілде айында «Абай» деген атпен басылып шықты.Бейсенбай Кенжебаев баспа қызметкерлеріне құпиялап шығартады. «Абай» романы қызу талқыланды. Ғ.Мүсірепов «Абай» романы туралы деген мақаласында жұрттан өзгеше пікір айтты. Ол романдағы Қодар мен Қамқа оқиғасының кіргізілгенін құптамады. «Елдігі белгілі бір жоғарғы сатыда тұрған халықтың барлық бас көтергені, өз дәуірінің ақыл-ойы, саналысы саналған адамдардың күнәсіздігін біле тұра бір момын жан Қодар мен күнәсіз Қамқаны сонша өрескел түрде езгілеп өлтірулері, жалғыз Құнанбай тобына емес, ел атына да үлкен мін келтіреді. Оның үстіне әлсіз рулардың жерін тартып алу үшін Қодар өлімінің Құнанбай үшін керегі жоқ. Сол оқиғадан кейін, Бөкенші, Борсақ, Жігітектің жайлауы мен қыстауларын тартып алғанда Құнанбай көзі тірі екен деп ешкімнен именген жоқ қой! Құнанбайдың именгені сол Қодар болып па?

Құнанбайдай әкім шыққан, Абайдай ақын шығарғалы келе жатқан елге, ой-санасы, ішкі сезімдері жоғарғы бір сатыда тұрған елге тап осы қылықтар лайық емес». Талай елге аударылатын шығармада қазақ еліне сын болатын мұндай жайтты айтудың қажеті жоқ еді деді. Романды қазақтың елдігін танытатын шығарма деп өзінің әділ сыншы екенін танытты. Ол кезде елдік туралы сөз қозғаудың өзі қауіпті болатын.Романдағы бірнеше басты кейіпкерлерді бір-бір сөзбен бағалады. Мысалы, «Сүйіндік – жалтақ, Байдалы – табанды, қырыс адам. Бөжей – сыр бермес, Қаратай – жеңген топтың қасында»

Құнанбайдың шешендік сөздерін жетілдіру керектігін ұсынды. Басқа сыншылар айтқан Құнанбайдың Қодарды өлтіртудегі мақсаты оның қыстауын иемдену деген пікірге қарсы болды. Абайдың Қуандық қызбен байланысын арзан мінезге балады.

З.Қабдолов өзінің «Менің Әуезовім» роман – эссесінің аяқталмай қалған екінші кітабында «Абай» романы туралы Қ.Сәтбаевтың пікірін келтіреді: «Абай» романы – аса көрнекті көркем шығарма ғана емес, бағалы ғылыми еңбек. «Абай» романына қалың оқырман ғана емес, әр саладағы ғалымдар да назар салмай өте алмайды. Ғалым-филолог одан фольклордың бай материалдарына қанығумен қоса, қазақ әдеби тілінің тууы мен қалыптасуын көреді. Ғалым-этнограф қазір көне заманмен қоса көнерген небір тұрмыстық бейнелер мен өмір құбылыстарын біледі. Құс салып саят құрған, қыз ұзатып, ас беруді, өлік жөнелтуді суреттейтін тараулар, билер айтысы мен билік шешкен қазылық көріністерінің әрқайсысы жеке-жеке ғылыми-этнографиялық толайым еңбектерге пара-пар. Ғалым-экономистер Қазақстанның 19 ғасырдағы халықтың мал шаруашылығы құрылысынан нақты мәлімет алады. Ғалым-юристер шариғаттан бастап, билер кесіміне шейінгі даланың заң жобаларынан бағалы мағлұматтар жинайды. Терең жазушының шебер қолынан шыққан «Абай» романының шын мәніндегі көркем энциклопедия екені осы ғой!» (З.Қабдолов. Дана дидар.59-б.)

1949 жылы 10 сәуірде Әуезовке екі томдық «Абай» романы үшін Бірінші дәрежелі Сталиндік сыйлық беріледі.Шетел әдебиеті мен әдеби сынында әділ пікірлер айтылып жатты. 1954 жылы «Абайды» неміс тілінде оқып, өз отандастарына насихат жүргізген неміс әдебиетшісі Альфред Курелла 1957 жылы неміс газетінде Әуезовтің шеберлігіне тамсанып мақала жазады.

Қабдоловтың «Менің Әуезовімде» «Абай» туралы, Құнанбай туралы орыс жазушысы Леоновтың мынадай сөздерін келтіреді: «Тірі пендеге бас имейтін тәкаппар Леонов өмір мен өнер туралы түгесілмес философиясын тек Әуезовпен ғана бөліспекке келеді.

Мұхтар Омарханович, Сіздің ақыл-ойыңызға, сыр-сезіміңізге суарылған Құнанбай бейнесіндей ғажайып бейне сізге дейін бүкіл әлем әдебиетінде жасалған жоқ, соны білесіз бе? Біз стандартқа айналдырған ұнамды кейіпкер, ұнамсыз кейіпкер дегендер бар, қалай ойлайсыз: Құнанбай ұнамды ма, ұнамсыз ба? Екеуінің шекарасын сіз қалай жойып жібердіңіз? Әлгі ұғымның адамдарында спектрдың екі-ақ түрі – ақ бояу, қара бояу ғана бар. Ал сіз басқа бояуларды қайдан тауып, қалай қосып жүрсіз? Құнанбайдың «адамның құны не болса, міні де – сол!» дегені қандай терең философия!» (сонда, 48-б.)

15-тақырып. Ғабит Мүсірепов
Жоспар
1. Шығармашылық өмірбаяны
2. «Қазақ солдаты» романы
3. «Оянған өлке» романы

Төңкерістен кейін мектепті бірге бітірген 20 шақты баламен «Ақмола облысының оңтүстік партизандарының группасы» деген отрядқа қосылып, ақ казактарға қарсы күреседі. Кейін ауылда әскери комиссар, аудандық милиция бастығының орынбасары қызметтерін атқарады. Сол кезде елге танымал С.Мұқановпен кездесіп, оның кеңесімен

Орынбордағы жұмысшылар факультетіне түседі. 1925 жылы «Едіге» әңгімесі «Еңбекші қазақ» газеінде жарық көреді.

1927-28 жылдары Шортандыдағы орман шаруашылығы техникумында оқытушылық қызметін атқарды. 1928 жылы «Тулаған толқында» атты алғашқы повесінде ақтар мен қызылдар соғысы кезіндегі қазақ ауылы өмірі суреттеледі. Бұл шығармада Ғ.Мүсіреповтің суреткерлікке тән таланты, өзіндік ерекшеліктері айқын көрінді. «Ұзамады, ұзын астауға салынып балқыған бағланның еті келді. Бүгілген тізелер жазылып, көсіліп мінгескен аяқтар жиналды. Еріндегі насыбайлар кілемнің астына тасталды. Екі құлағы қалқайып, езуі ыржиып, таңдай көрініп жатқан қозының басы мен теңкиіп жатқан сары қазысы бар ұзын астау келіп сылқ ете түсті» деген жолдардан Ғ.Мүсіреповтің стиліне тән жылы юмор, бейнелілік, ықшамдылық байқалады.

«Талпақ танау» (1933) – отызыншы жылдардағы қазақ әңгіме жанрының айтулы табысы. Колхоз бастығы Сәден көрші шаруашылықтың шошқа өсіріп, пайда тауып отырғанын көріп, бірнеше шошқа сатып әкеледі. Шошқаны кәпірдің малы санайтын ауыл адамдары алғашында оған үрке қарайды. Есен деген момын адамды жабылып жүріп шошқа бағуға көндіреді. Әңгімеде юмор, психологизм жарқырап көрінген.

«Шұғыла» әңгімесі сол кездегі солақай саясатты барынша әшкерелеген, оған қаймықпай қарсылық көрсеткен, туған халқы алдындағы азаматтық борышын адал орындаған, ащы шындықты шынайы бейнелеген туынды. Даладағы қазақтың аштан қырылғанын айтады.

Ғ.Мүсіреповтің шығармашылығында ана тақырыбы айрықша орын алды. Ол аналарға арнап он шақты әңгіме, повесть жазды («Ұлпан»).

«Қазақ солдаты» – Ғ.Мүсіреповтің проза саласындағы елеулі табысы. Роман алғашында «Қазақ батыры» (1945) деген атпен шықты. Кейін «Қазақ солдаты» болып қайта жарияланды. Роман Отан соғысына арналып жазылған. Шығарманың композициясы қазақ солдаты Қайроштың басынан кешкендерін көркем баяндау арқылы құрылған. Совет Одағының батыры Қайырғали Смағұлов бас кейіпкер Қайрош Сарталиевтің түп тұлғасы ретінде алынған.

«Оянған өлке» (1953) романы қазақ әдебиетінің үздік туындысы. 19 ғасырдың екінші жартысынан Қазан төңкерісіне дейінгі қазақ даласындағы өндіріс тақырыбын көрсетеді. Мыңдап жылқы айдаған дала шонжары Жұманның бар малы бір жұтта қырылып қалады. Ал Игілік бай заман ағысына ілесе білетін жаңашыл бай ретінде көрінеді.

16-тақырып. Сәбит Мұқанов

Жоспар

1. Шығармашылық өмірбаяны
2. «Балуан Шолақ» повесі
3. «Ботагөз» романы

С.Мұқанов әдебиетке «Жалшының зары», «Бостандық» деген өлеңдерімен келді. Алғашқы адымын саяси лирикадан бастады. С.Мұқанов – кемел прозашы.Ол әр кезеңде сирек те болса, шеберлік мектебі саналатын әңгіме жанрына ат басын бұрып отырған. Әңгімелерінен суреткерлік нышан («Әсия», 1925), өтпелі дәуір шындығы («Азғын», 1927, «Кер заман» 1928, «Әменгерлік азабы» 1928), өндіріс тақырыбы («Суалмас сауын»,1933; «Алтын аймақ», 1934-37), Отан соғысы оқиғасы («Тіл алушылар», 1942; «Батыр қыз» 1944), көтерілген тың («Аспаз») сырына қанығамыз. «Ақбөпенің сыры» (1927), «Достар» (1937), «Балуан Шолақ» (1940-41), «Бақташының баласы» (1953), «Жарқын жолмен» (1931) повестерін жазды. «Бақташының баласы», «Жарқын жолмен» – балаларға арналған повестер.

С.Мұқанов – кең тынысты романшы. «Адасқандар» (1931) – алғашқы әлеуметтік-психологиялық роман. Роман оқиғасы, кейіпкерлері өмірде болған. Аталмыш туындының жазылуы, суреттелінетін жәйлер жөнінде жазушы «Мөлдір махаббат былай жазылды" атты макаласында ("Қазақ әдебиеті, 1959, 23 қазан), "Өмір мектебі" сынды мемуарлық (1970, 262 б.), жұбайы М.Мұқановаңың естелігінде(«Кемел еді , кең еді". - Кітапта: "Кәдімгі Сәбит Мұқанов" 1984, 324-325 бб.), К.Ергөбековтың "Сәбит Мұқанов" (1989, 68-69 бб.), Р.Тұрысбектің "Дүниетаным және шығармашылық." (1993, 101-137бб.) зерттеу кітаптарында кең көлемде сөз етіледі.

Роман 1959 жылы «Мөлдір махаббат» деген атпен басылып шықты.

3. «Жұмбақ жалау» романы 1916 казақ халкынын. үлт-азаттык күресін, революция тұсындағы жылдарды, күрескерлер бейнесін реалистік үлгіде көрсетті. Романда Казакстандағы 1910-20 жылдардағы окиға, әлеуметгік кайшылықтар (бай мен кедей арасындағы жер мәселесі мен майдан жұмысына жастарды алуға т.т.) кеңінен көрінеді. Кейінірек "Ботакөз" аталған бұл автордың дүниетаным иірімдері ізденіс пен шеберлік биік белеске шыққаны анық аңғарылады. Сол себепті барлық жетістіктерімен казак әдебиетінің 30-жылдарда кандай көркемдік табысымен қорытындылаған кезендік туынды санатында". Роман композияциясын ("Тұнғиықта", "Таң атарда", "Күн күлімдегенде"), кейіпкерлер жүйесінен (ауыл кедейлерінің өкілдері - Аскар, Амантай, Кузнецов, Ботакөз, Балтабай, Бүркітбай, Кенжетай т.б.), бай-болыстың өкілдерінен (Итбай, Кошкин, Кулаков, Сарбас т.б) өмірдің өзінен алынған шындық, шеберлік үлгілері көрінеді.

Шығарма кейіпкерлері өмірде болған. Әдеби бейнелер: Аскар - Сәкен, Амантай-Аманкелді, Итбай болыс-патша сенатына құрметіне ие болған Сайын Кыдыров, Базархан, Мадияр жөнінде де дерек көздері бар.

Романның көркемдік табысы - өмір шындығымен, окиғалык өріс пен сюжеттік желісінен төңкеріс такырыбы әрі терең, әрі шеберлікпен көрініс тапкан. Сол себепті де "Ботакөз" романымен С.Мұқанов халықтың түрмысын, тарихын, мәдениетін, ойы мен сезімін жете білетін әлеуметтік жазушы ғана емес, соңымен катар көркем сөздін шебері екенін тағы бір көрсетті... "Ботакөз" казак әдебиетінің зор әлеуметтік - тарихи және эстетикалык мәні бар аса ірі шығармаларының бірі.

17-тақырып Ә.Нұрпейісов

Жоспар

1. «Қан мен тер» романы

Кейбір көркем шығармалар қоғамдағы идеология қанша өзгерсе де, құндылығын жоймайды. Мәселен, Ә.Нұрпейісовтің «Қан мен тер» романын алалық. Бұл шығарма қазақ әдебиетіндегі классикалық шығармалардың бірі болып қала береді. Бірақ, романды бұрынғыдай таптық тұрғыда талдамайтынымыз бәріне белгілі.

Кезінде роман тақырыбы туралы З.Қабдолов былай деген болатын ; «Нұрпейісов таңдаған тақырыбы қаншама шиырланғанмен, өнер өрісін өзінше тапты. Өзіне дейінгілердің бәрі қалың бұқараның революцияға келу жолын, сол арқылы бас қаһарманның күрес эволюциясын , өсу сапарын көрсетсе, Нұрпейісов осыларға қоса тағы бір бас қаһарманның халық келешегіне кереғар қарсы әрекеттерін, сол арқылы оның өшу себептерін көрсетті» (3,161).

Осы үзіндідегі «таңдаған тақырыбы қаншама шиырланғанмен, өнер өрісін өзінше тапты» деген пікірге қосыламыз. Жазушының ешкімді қайталамай басқа қырынан келгені рас. Ал «тағы бір бас қаһарманның халық келешегіне кереғар қарсы әрекеттерін, сол арқылы оның өшу себептерін көрсетті» деген талдауды бүгін дәл сол күйінше қайталамайтынымыз анық. Себебі, Тәңірбергендерді күйрету қызыл империяға керек болмаса қазақ жерінде қажет болған жоқ. Роман кітаптарының «Ымырт», «Сергелдең», «Күйреу» атаулары қазақ халқының басындағы ымырт, сергелдең, бостандыққа деген үмітінің күйреуі боп шығады.

Бұрынғы кезде «Қан мен тер» дағдылы әдетпен, «Абай жолын» талдаған секілді, ескі мен жаңаның күресі деп, Еламанды революционер, Тәңірбергендерді үстем таптың өкілі етіп талодап келдік. Кеңес үкіметі кезіндегі зерттеулердің түгелінде солай жазылған.

«Қан мен терді» қайта оқи отырып, Еламан мен Тәңірберген бейнелерін нағыз шыншылдықпен сомдалған тұлғалар ретінде қарастыруға болады.

Тәңірберген монологы арқылы қызылдардың шын бейнесі танылады: «Ал бір жанды бет-жүзіне қаратпай, жолындағы қайрат көрсеткендердің бәрін қырып-жойып, жаныштап, тапап келе жатқан қызылдар осы мына ойраны шығып жатқан дүниенің ертеңгі анық қожасы, келешекте қара борбай кедейлерді қанша қарық қыларын кім білсін, ал бірақ билік қолына тиген күні бұлардың байды құртары анық»(6,592).

Басқа шығармаларда қызыл әскерлер туралы дәл осылай айтылған жоқ. Әрине, кезінде Тәңірберген ұнамсыз бейне болғандықтан ғана оған жоғарыдағыдай ойды ойлатуға мүмкіндік болды.

«Қан мен терге» тақырыптас басқа шығармалардан тек қана Х.Есенжановтың «Ақ Жайығындағы» Халел Досмұхамедовтың қызылдарға қарсы айтқан сөздері ғана Тәңірберген пікіріне ұқсас.Мысалы: «Қазақты жіктеу, алауыздыққа айналдыру – ел етпеу. Қазақ бауырмал халық, рақымшыл халық. Атаны бала, ағаны іні жағадан алатын зұлымшылдық қазақтың қанында жоқ. Қазақ қарындасқа жақсылық етумен қазақ атанған. Қай қай заманда аштан өліп, көштен қалған

қазақты көріп едің? Жақынды жұтып, ағайынның жүнін түтіп жеу ашынған қарашекпен мен жанынан безген заводшыдан шығады. Ол сені ертең алдымен жұтып қояды. Өз тілін, өз абыройын сақтамаған, өз жақсысын таптап келе жатқан, өз байлығын обып келе жатқан көп тобыр қолыңды қол, бұтыңды бұт етіп жоқ етеді»(2,144).

Халел Досмұхамедов кезінде «Алаш» құрамында болғандықтан «Ақ Жайықта» қызылдардың қарсыласы ретінде бейнеленген. Бірақ, жазушы Халелді сөйлету арқылы біздің қазір ғана танып жатқан шындығымызды көрсетіп кеткен, ол кезде басқаша айту мүмкін де емес еді.

Тіпті Х.Есенжанов өзі де Халел Досмұхамедовке қосылмады дегеннің өзінде бүгінгі күнге сай пікірлер боп тұр. Философия заңы бойынша айтсақ, «терістеуді терістеу».

Сонда бұрынғы кезде айтылатын «төңкеріске дейін байлар кедейлерді қанап, теңдік бермей жатыр еді, төңкерістен соң бостандық таңы атып, тепкіден құтылдық» дейтін ертегі сөздердің Халел күл-талқанын шығарған.

Тәңірберген секілді байлардың қазақ жерінде ешкімге зияны тимегенін, олардың «күйреуінің » де қажет болмағанын мына үзіндіден аңғарамыз:

«Күндердің күнінде қазақтан қара қылды қақ жаратын әділ төреші туып, ақ-қарамызды ашар заман болса, кімнің кінәлі, кімнің кінәсіз болғанына кейінгі ұрпақтың көзі жетер: қазақ баласына біздің қылдай жазығымыз жоқ-тұғын, жазықсыз едік. Тек адамды адамға қасқыр қып айдап сап қойған біз емес, заман еді ғой. Зманым қасқыр болса, мен қалай көгендеулі қозы болам» (6,593).

Осы жерде романдағы бүкіл тартыстың жауабы берілген. Барлығына заман кінәлі. Ақбаланың бақытсыздығына да, Еламанның қиын тағдырына да, Тәңірбергеннің азапты өліміне де себепкер - заман . Тәңірбергендер заман көкпарының лағы боп тартылып кете барды. Жазушы большевиктік идеядан аулақ, социалистік реализмді айналып өткен. Ресейдегі төңкеріс пен оған қазақ жерінің қатынасын боямасыз, жасандылықсыз ашып берген. Оған кейін Еламан бейнесін талдағанда көз жеткіземіз.

Иә, бәріне де әділ төреші – уақыт. Тарихи оқиғалардың ақ-қарасы ашылды. Кім кінәлі, кім жазықсыз екенін де білдік. Тәңірбергендердің де қылдай жазығы болмағанын айтып жатырмыз. Осының бәрін жазушы көркем шындыққа шеберлікпен айналдыра білді. Осы арада бір айта кетеріміз: жазушы суреткерлігінен, шеберлігінен көз сүрінеді (З.Қабдолов та бекерге тамсанбайды ғой). Оған көптеп мысалдар келтіруге болады. Шығарма финалындағы мына үзіндіге назар аударалық : «Тәңірберген бойын билей алмай, аяғын аннан-саннан бір басып, тәлтіректеп барды да қалт етіп тұра қалды. Тек әлсіз буыны қалтырап бойын билей алмай талықсып кете береді. Сол кезде төбедегі көл-көсір аспан мен аяғы астында ақ шаңдағы шығып борап жатқан жер де бұның өзімен бірге теңселіп шайқалып тұрды. Шайқалған аспанның кейде жерге ана шалғайы, кейде мына шалғайы бір соғып қайқаң етіп қайта көтеріліп кететін сияқты. Басы айналды. Көк жүзінде репетсіз ірі құстар әлгіден де гөрі көбейіп қаптап кетіпті. Қанатын үсті-үстіне сілтеп, далп-далп қағады. Қара құстардың арғы жағында тұңғиық көк аспан мөлдірейді» (6,662).

Осы арадағы аспанның шайқалуы – деталь, аспан емес, Тәңірберген шайқалып тұр. Жазушы Тәңірберген халінің қаншалықты қиындағанын, соңғы үзілер сәтін біздің көз алдымызға елестетумен бірге, түйсіндіреді.

Құстардың арғы жағынан тұңғиық көк аспанның мөлдіреуі – жерде қаншама өлім боп жатқанымен ,біреу жеңіп, біреу жеңілгенімен, өмір мәңгілік дегенді білдіреді. Қара құстар - өлім белгісі.

Ал, қара құстардың далп-далп ұшуы – құстардың ірілігін көрсетеді. Торғай немесе шымшық қанатын далп-далп қақпайды. Жазушының әр құбылысқа кеоек өз бояуын жұмсауы, бір ғана кейіпкерді бөліп алмай, оны пейзажбен қоса алуы, пейзаждың өзіндік философиялық мән атқарып тұрғаны – барлығы шебер психолог қаламгерді таныта түседі.

Б.Майтанов осы үзінді туралы былай дейді: «Романның идеялық-философиялық концепциясында пейзаждың психологиялық дәлел орайындағы қызметі айрықша... «Қан мен тер» трилогиясындағы пейзаждың басты ерекшелігі осы тәрізді табиғат диалектикасына адамдар образын сомдауда атқаратын идеялық-ұждандық компонент ретінде, негізінен, саналы түрдегі философиялық-психологиялық, символико-аллегориялық маңызына зор мән артылуынан байқалады »(5,241).

Жазушының Кеңес өкіметі кезіндегі зұлымдықтар туралы ойы Тәңірберген монологы арқылы былай беріледі: «Өзінің осы өмірден мықтап түйген бір шындығы бар: неғұрлым кісі тілі тәтті болса, соғұрлым тасбауыр, қатал. Олар қолымен қан шеңгелдеп тұрып та жұртты сыртымен алдап, адам адамға бауыр, дос деп даурығатынын кәйтерсің» (6,619).

Осындағы «Адам адамға дос, бауыр» деген сөздер Кеңес өкіметінің ұраны болды. Бұл сөздерді Тәңірберген емес, жазушы айтып отыр. Өйткені, Кеңес өкіметінің қандай ойран жасағанын, қолдарына қан шеңгелдеп тұрып, жұртты бос сөзбен алдағанын бәріміз білеміз.

Тәңірбергеннің тағы бір монологынан да заман шындығын аңғарамыз: «Адам өмірінің қалай да көкпарға ұқсайтын бір жері болса, бұл өзін күштінің қолында кететінкөкпардың лағы емес, аты мықты, қолы қарулы, тақымы темірдей көкпаршының нағыз өзімін деп ойлайтын. Енді қараса, дүниеге келген кісі басынан бақ тайған күні білегі мықты біреудің тақымы астында көкпардың лағындай тартылып кете барады екен» (6,593).

Кезінде ақтар мен қызылдардың саяси көкпарында талай Тәңірберген сияқтылар көкпардың лағы боп кетті.

Қазір Тәңірберген бейнесі Еламанмен қарым-қатынасы тұрғысынан емес, жалпы аласапыран кездегі тоз-тозы шыққан қазақтың дәулетті, бай адамдарының жиынтық бейнесі ретінде, қилы заман құрбаны ретінде талдануы тиіс.

Еламан да роман басталғанда-ақ бірден таныла бастайды. Әсіресе, есігі алдындағы Тәңірберген атын көргендегі өзін-өзі ұстауы (бұл жердегі Қабдолов айтатын «масқара» детальға тоқталып жатпаймыз. Детальдың керемет үлгісі ретінде ол көпшілікке белгілі деп ойлаймыз), одан соң үйіне кірер кездегі әрекеттері әсерлі. Мысалы: «Өз үйіне өзі әзер кірді. Және кірер жерде күйбектеп жөтелді» (6,10). Еламанның нағыз жігітке тән қасиетін, ұждан тазалығын байқаймыз. Ақбала мен Тәңірберген емес, өзін кінәлі адамдай ұстайды. Себебі, Ақбала мен Тәңірбергеннің баяғы ғашықтық хикаяларын біледі ғой.Бұрынғы жүректер табысып, өзін артық адамдай сезінеді. Басқа бір еркек болса, келгенін білдіртпей, есіктің сыртынан тың тыңдаушы ма еді немесе қызғанышпен Тәңірбергенді үйінен қуып шығушы ма еді. Бірақ Еламан ондай пасықтыққа бармайды, өз қадірін қашырмайды. Бұл – оның жуастығы, қорқақтығы емес, адамшылығы.

Еламанның Федоровты өлтіруінен кедейлерді жеп жатқан қазақ байлары емес, Федоровтар екенін, отаршыл патша өкіметінің қанаушылығын көреміз.

Еламан түрмеден қашып келгенде Ақбаланың Тәңірбергенге кетіп қалғанын естігендегі күйі былай суреттеледі:

«Судыр Ахмет:

-Құрысын, айтатыны жоқ. Тәңірбергенмен ыржыңдасып жүрді де, ақыры бір күні тайып тұрды.

Еламанның уысында қысып отырған кесе кенет күтір етті. Алақанына төгілген ыссы шайды сезген жоқ» (6, 131).

Еламанның алақанына төгілген ыссы шайды сезбеуі- деталъ. Шығарма басындағы деталъда, иттің мұздай тұмсығын ол сезген еді, ал мынадай ауыр соққы болған жағдайда оның қолының ыстық шайды сезбеуі нанымды. Жазушы Қабдолов айтқандай, езіп түсіндіріп жатпайды. Кейіпкер психологиясын сәтті деталъмен көз алдымызға жайып салады.

Жалпы бір ғана Еламан бейнесінен сол кездегі қазақ елінің тағдырын көреміз, Еламанның тартпаған бейнеті жоқ.

Еламан Шалқардағы депоға жұмысқа тұруға барғанда оған Ознобин:

-Түйең қайда? Түйеңді неге бақбайсың? – (6, 261) дейді. Қазақтың қолынан түк келмейді деген түсінік, кемсітушілік байқалады. Шығармада «Жолдас, азамат, товарищ» дейтін создер атымен жоқ. Қазақты кемсітушілік, мал бағудан басқа түк білмейді деу Ғ. Мұстафиннің «Қарағанды» романында да кездеседі.

Жазушы Еламанды жасанды революционер етіп көрсетпейді. Тіпті оның үстіне шинелъ киюінен көп жайтты аңғарамыз: «Еламан мына шинелъден бөтен кісінің иісін сезді. Талай мойынның кірі мен шайыры сіңген жағаға қанша қарамаймын десе де, көз қиығы шалып қалды. Кір-кір жаға тақым қажаған терліктей жылтырап, жазатайым желкесіне жанасса да мұп-мұздай боп басылады. Еламан жиіркенетінін байқады. Сұр шинельдің өңіріндегі саусақ сыйғандай тесікке қарап қапты. Оқ тесті ме, әлде шоғы күйдірді ме? «Өліктің үстінен шешіп алған жоқ па екен» деген түйсікшіл көңіліне тікендей қадалды, сұр кебініңді иініңе жамылып тұрмасаң нетсін» (6,383).

Еламанның шинельден жиренуі оның амалы жоқтығынан, басқа жол қалмағандықтан қызылдарға қосылуын байқатады. Оның оқ тескен шинель киюі өлімінен алдын-ала хабар беріп тұрғандай, алдағы тағдырын аңдатып тұрғандай.

Қызылдардың ақтардан айырмасы болмағанын, қазақтарды жарылқай қоймағаны Еламан ойы арқылы көрінеді. Ауылдан келген қазақтардың малын қызылдар ұрлық мал деп алып қойғанда Еламан мынадай тұжырым жасайды: Осы бейшаралар өмір бойы баққан малының рахатын көре

алмай-ақ қойды. Қазақ малы қашан да қолды боп бұйдасынан тізіліп, достың да, дұшпанның да жетегінде кетіп жатады. Ісі оңалып ілгері баса ма деп дәмеленген тұсы мынау. Не қылса да бағы жанбайтын таланы тастай халық. Келдектің кай басын басса да қайырылып кеп осы сорлыларға тие беретінін қайтерсің (6, 397).

Осындағы «Ісі оңалып ілгері баса ма деп дәмеленген тұсы мынау» дегені ақ патшадан құтылып, қызылдардан көрген жақсылығы мынау ма дегені.

Қорыта айтқанда, «Қан мен тердегі» Еламан, Тәңірберген бейнелерінен қазақ ұлты тағдырын көреміз. Бұл шығарма Кеңес үкіметі кезінде жазылса да, жазушының сол бір тарихи шындықты бүгінгі көзқарасымызға, қазіргі тауелсіз ел әдебиетіне лайықты етіп жаза алғандығы қаламгер мерейін асқақтата түседі.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Ш. Елеукенов. Замандас парасаты, 1997 ж.
2. Х. Есенжанов. Ақ жайық.
3. З. Қабдолов. Жебе; Көзқарас, 1996 ж.
4. М. Қаратаев. Революция рухымен, 1978 ж.
5. Б. Майтанов. Қазақ романы және психологиялық талдау, 1996 ж.
6. Ә. Нұрпейісов. Қан мен тер, 1991 ж.

18-тақырып Қ.Аманжолов

Жоспар:

1. «Байкал», «Бурабай толқындары», «Үстімде сұр шинелім», «Дариға, сол қыз» өлеңдері

Қ.Аманжолов қаһарманы белгілі бір істі шапшаң атқаруға, шығандаған құштарлық таны-

туға, өз сезімін жай сездіруді місе тұтпай, дабыралап жарлауға бейім тұруымен ерекшеленеді.

Ақынның 1943 жылғы «Байқал» балладасы да– осы тұжырымның айғағы:

«Байқал», «Байқал»– дегенге,
Тұрдым атып орнымнан,
Ұйқылы– ояу денемде
Толқи ақты ыстық қан.
Қызыл вагон есігін
Айқара ашып тастадық...
Соқты самал есіліп,
Ақты бұлақ тас жарып.
Торғын тұман жамылып,
Байқал жатты көсіліп,
Таң сәріден сабылып,
Жәрмеңкеге жосылып;
Кернейлеткен көп өзен
Жатты құйып тұс– тұстан.
Ерте оянған таң жеңгең
Тұрды қарап шығыстан.

Көріп отырғанымыздай, лирикалық қаһарманның орнынан тұруының өзінде (атып тұруы) шапшаңдық, шұғылдық бар. Осы ширақтықты лирикалық қаһарман денесіндегі «ыстық» қанның (әйтеуір бір қан емес) «толқи» ағуы (жай, әншейін ағу емес) да өрбіте түседі. Келер жолдарға үңілсек, «тас жарып» (ағаш жаруды еске алсаңыз да, тасты бұзу оңай емес) бұлақ ағуы алдында ғана өрілген лирикалық қаһарманның вагон есігін «айқара» (жай, жартылай емес) ашуымен сәтті үндеседі. Бұл өзгешелікті көп өзеннің «жосылып» кернейлетуі де одан әрі тұлғалантуға бастайды. Осындай ерен алапат сипатқа ие болған лирикалық қаһарманның бұдан кейінгі өрелі әрекеттері де нанымды:

Шымылдықтай төгілген

Араладым орманын,
Аспанменен егескен
Бастым зәулім шыңдарын,
Күркіреп көкте кеңескен
Бұлттың сөзін тыңдадым.
Өр толқынмен ойнадым,
Қақтым ұшқан құстарын,
Шолп-шолп еткен шортанын
Шоқтығынан ұстадым:
Жаттым бір кез құмартып,
Салқын самал сайында,
Би билеттім бұралтып,
Ақ балтырлы қайыңға.

Үңіле зерделесек, мұндағы «шымылдықтай» теңеуінен ағаштардың соншалық жиілігін (шымылдық ар жағындағыны көре алмаймыз), яғни көп екенін байқасақ, «төгілген» сөзінде біртүрлі ұзындық, молдық салтанаты бар. Орманның осындай асқақ көрінісін шың биіктігі) аспанменен егессе, оның қаншалық шырқағаны белгілі) әрлендіре түседі. Табиғаттағы науандық, зәулімдікке сай алынған лирикалық қаһарман әрекетінің кесектігі де тәнті етеді. Ол, біріншіден, соншалық заңғарға шықса, екіншіден, соны емін-еркін басып жүр, тіпті, бір шыңнан екіншіге бірден аяқ салғандай (демек қаншалық алып аяқ) әсер қалдырады («Бастым зәулім шыңдарын»). Одан әрі берілген: «Күркіреп көкте кеңескен // Бұлттың сөзін» тыңдау да, «өр толқынмен» ойнап, ұшқан құстарды қағу (қалықтаған құсқа қол жеткізу оңай ма), «шолп-шолп еткен» шортанды шоқтығынан ұстау да,– бәрі лирикалық қаһарман мықтылығын,ептілігін дәлелдей түседі. Міне, осыншалық қарыштаудан кейін барып жылжып қозғалуы мүмкін емес, бір орында өсіп тұрған «ақ балтырлы» (балтырдың адамда ғана болатыны, «ақ» сөзімен септескенде, ерекше шырайлы көрінетіні өз алдына) қайыңға жан бітіргені сондай, жай жүргізіп қана қоймай, оны «бұралтып» би билетуі де нанымды. Сол ғажаптан кейін дерексіз ұғым қиялдың жан иесіне айналғаны соншалық, оның қанаты болуы, басты сүйеніші қанатты тасқа соғуы да ешкімді таңдандырмайды. Міне, бұл көріністердің бәрі ауқымдаса, қаулай келе Қасым Аманжолов қаһарманының басқа ешкімге ұқсамайтын өзіндік бітімін негіздейді.

19-тақырып М.Мақатаев
Жоспар
1. «Аққулар ұйықтағанда» поэмасы

Кейінгі жылдары мектептегі әдебиет оқулықтары жетілдіріле түсті десек, соның ішінде 8 сынып оқулық-хрестоматиясы ерекше орын алады. /Алматы. Рауан, 1993 ж. Құрастырушылар: Н.Ғабдуллин, С.Мақпыров, Г.Құрманбаева/. Кітапта оқушыларды іздендірерлік, көркемдік сапасы жоғары шығармалар сәтті іріктеліп берілген. Сөз жоқ, жеке бір туындыны бөліп алып, оның көркемдік табиғатын қалай таныту керек дегенде, алдымен мектеп мұғалімдерінің өлең мен поэманы оқытуда көбірек қиналатынын еске алмай болмайды. Әрине, ізденімпаз оқытушы прозалық шығарманы өткенде де, ондағы қаһармандардың қалай, қаншалық мүсінделгенін ашу, ашқызумен бірге ол туындының көркемдік сипатын, жазушының көріктеу, айшықтау құралдарын қаншалық ұтымды пайдаланғанын т.б. анықтауды қоса жүргізеді. Әйтсе де прозаға қарағанда, поэзияда тілдің ажарлау, әлеміштеу құралдары ерекше орын алатыны, демек бұл әшекейлерді айқындаудың өлең, поэмада айрықша мәнге ие болатыны,-бәрі ол саладағы мәтінді өтудегі әдістеме ерекшелігіне әсер етпей қоймайды. Осы орайда проза, поэзия болсын, көркем шығарманы жалаң мадақтау емес, қайта оқушыларды іздендірерлік нақты әдістеме керектігі келіп

шығады. Шығарма көркемдігін таныту дегенде, әдебиет теориясы бойынша берілмек бастапқы ұғымдардың: эпитет, теңеу, метафора, портрет, сюжет т.б 8 сыныпқа дейін де мектеп бағдарламасы, оқулықтарында біршама қамтылып келгенін, енді соларды жоғары сыныптарда әрі қарай тереңдете , дамыта түсу керектігін ескерген жөн. Сондай ілгерлеушілікті талап ететін көркем туындының бірі-8 сыныптағы М.Мақатаевтың "Аққулар ұйықтағанда" поэмасы. Дастандағы басты идея: табиғат әсемдігін түсіне, бағалай, қорғай білу десек, ондағы әр сөз қолданысының сол өзектіні ашуға бағындырылғанын дәлелдеуден барып шығарма көркемдігін айқындау негізі қаланады. Сондықтан да оқытушы алдымен аққудың рең әсемдігін, қимыл-әрекет, үн келістілігін танытарлық сауалдарды ұсынып, соншама зейнеттілік иесін өлімге қимау сезімінің туып өрістеуіне жағдай жасайды.:

1. Аққулардың рең әсемдігін айқындарлық сөздер мен сөз тіркестерін кім тауып береді? Аққудың мүсін келістілігін кескіндеген сөздерді кім дәлелдейді?
2. Аққудың жарасты, әдемі әрекеттерін кім дөп басып айтады?
3. Аққу үнінің ерекшелігін бейнелеген сөздерге назар аударайық.
4. Оқ тиген аққудың мүшкіл халін өрнектеген детальдардың поэма идеясын ашудағы ролі?

1. Сондайтұғын аққулар сондайтұғын,
Ақ мүсін айдынға көп орнайтұғын.
Әлдилеп ақ төсінде бермей тыным,
Ақ айдын ақ мүсінін тербейтұғын,-

деген үзіндіде "ақ" сөзінің 4 рет қайталануы тегін емес. Бәрінде "ақ" айқындаулары рең әдемілігін бейнелеп тұр.

Тек сөздің жеке тұрғандағы мағынасын берумен шектелсек, шығармадағы сөздер үйлесімін, олардың бір-біріне әсер етуін аңғармай қаламыз. Мәселен, келтірілген үзіндідегі "ақ" сөздері жеке алғандағы рең әсемдігін берумен шектелмейді. Жоқ, біріншіден, "ақ" сөздері бір-біріне әсер етіп, біріндегі зейнеттілікті екіншісі дамытып, құп жарасып тұр. Алғашқысы "мүсін" сөзін ажарласа, екіншісі "төсінде", үшіншісі -"айдын", төртіншісі тағы да "мүсін" сөзін көріктендірумен бірге біріншісі екіншісіне дайындық, екіншісі алғашқыны жалғастырушы ретінде де жарасым тапқан. Екіншіден, "ақ" көріктеуіштері үзіндідегі басқа сөздерді ажарлай түсуге қызмет етумен қабат өздері де іргелес сөздер шарпуына бөленіп, соның ықпалымен де әдемілене түскен. Алғашқы "ақ" эпитеті өзінен кейінгі "мүсін" сөзі әсерін қабылдаумен бірге "орнайтұғын" сөзімен тармақ аяқталуы тұсында үйлескен келісті сурет жасауға қатысады. Соның аясында жай бір мүсін емес, ақ мүсіннің орнауының өзі ерекшелік, артықшылық салтанаты ретінде қабылданады. Сондай-ақ "ақ төсінде" тіркесі алдында "әлдилеп" сөзі келуі, оған қоса "әлдилеп" тыным бермеу, ол аз болса, тербеу,-бәрі - септесе келе "ақ" түсті аялаушылықты, "ақ" реңіне, яғни белгілі бір зейнеттілікке сай үйлесуді де жайып салады.

Тағы бір мысал келтірейік:

Асқар белден күн нұры шашырады,
Шашырап, ол да көлге бас ұрады.
Құс аппақ, айдын аппақ, нұр да аппақ,
Аппақ нұр-аппақ нұрға қосылады.

-Мұнда "аппақ" сөздері 5 рет қайталанады. Бәрінде әсем реңді көрініс береді.

-Тағы да сөз бен сөздің ара салмағына, олардың бір-біріне әсер етуіне көңіл бөлейік. Мәселен, "аппақ" сөздері берілмес бұрын күн нұрының жай бір белден емес, "асқар" белден шашырауы да сол "аппақ" сөздерін қабылдауға әзірлік емес пе? Асқар белден шашыраған күн нұрын, оның да көлге бас ұруын қызықтап, сонымен әсерленгесін барып, құстың аппақ екенін, оған қоса айдынның "аппақ" болуын, сонымен бірге нұр да "аппақ" түске бөленіп, осы түстердің қосылуын тамашалау тұсында бір-біріне құп жарасқан, біріндегі зейнеттілікті екіншілері өркештендіре түскен сұлулық үлгісіне тәнті боламыз. Сөз бен сөздің үйлесімі, олардың бір-біріне әсері дегенде, олардың қара сөз ішінде емес, өлеңмен беріліп, ырғақ,

мақам, ұйқас әсерімен де қанаттана, әшекейлене түсетіні -өз алдына бір әңгіме. Мәселен, осы шумақтағыны қара сөзбен айтып көрейікші: "Күн нұры асқар белден шашырап түсіп, көлге бас ұрды. Құс айдын, нұр-бәрі аппақ болып, бір-біріне қосылып тұр." Осы суреттемедегі әсемдік оның алдындағы шумақтағы зейнеттіліктен көп солғын тартқанын байқау қиын емес. Балалар, сөздің жеке тұрғандағы мағынасы бар да, өлең ішінде, өзіне құп жарасқан сөздер аралығында, ырғақ, ұйқас, мақам шарпуына бөленгенде, беретін мағынасы бар. Алғашқысы жай бір ұғымды ғана берсе, кейінгісі өзіндік бір әсемдік биігі ретінде қабылданады. Демек кез келген сөз өлең ішінде кездескенде, мағынасын көп кеңейтіп, құлпыра түсетінін есте ұстайық.

2. Аққулар ару мойын, сүмбе қанат,
Алаңсыз тарануда күнге қарап,-

-үзіндісінде аққу мойынын, қанатын ажарлаған "ару", "сүмбе" эпитеттері құстың келісті мүсінін біршама елестете алады. Ал, олардың басқа бір елеусіз затқа емес "күнге" /күннің ерекшелік, биіктік символы екені белгілі/ қарап алаңсыз тарануы да сол келістілікті жоталанта түскен.

3. Аққудың келісті әрекеттері мына үзінділерде бейнеленген:

1.Жетті аққулар түгендеп "жетім көлін",
Жағалауда ұшып жүр шыр айналып.
2.Тарақ етіп тұмсығын тарайды кеп,
Тарайды кеп, тарайды қауырсынын,
Құм тұрса да бір түйір ауырсынып.
3.Ақ қанатын сабалап, асыр салып,
Бірде суға сұңгиді басын малып.
4.Ал, аққулар, аққулар тарануда,
Сусып түсіп су моншақ арқасынан.

Алғашқы мысалда аққулардың алаңсыз өмірі бейнеленген. Кейіннен көлден аққулардың безіп кеткенін еске алып, сол мұнарамен байыптасақ, осы бір алаңсыз "шыр айналып" ұшып жүрудің өзі қаскүнемдік жоқтығының, демек тыныштықтың дәлелі ретінде әсер етеді. Екінші үзіндіде бір құм тұрса да "ауырсынып", тұмсығын "тарақ етіп" қауырсынын тараған аққу әрекетінен де тіршілік салтанатын тамашалаймыз. Үшіншіде әйтеуір қанатын емес, "ақ қанатын", демек әсем реңді қанатын, сабалауы, онымен қоймай асыр салуы және "басын малып" суға сұңгуі-бәрі жарастылық айнасы. Аққулардың арқасынан су моншақтың сусып түсуіне назар аударту /төртіншіде/ да-бейбіт өмірдің әр көрінісін, әр сәтін бағалай білу жемісі.

Сан айналып, сұңқылдап ұшты-дағы,
Сапар жолға мезгілсіз түсті-дағы,
…Тау жаңғыртып, тамаша құстың әні,
Қош айтысып көлменен ұшты бәрі.

Міне, оқ атылғаннан кейін аққулардың көлден безе жөнелгенін зерделеу тұсында жеке бір "сұңқылдап" сөзінен көрінген аққу үнінің жағымды ерекшелігінің өзі әрі құсты қимауға, әрі оны атушыны айыптауға бастайды. Ал, сол кету көрінісі ішіндегі "тау жаңғыртып" тіркесінен айқындалған әрі үріккен құстар үні қаттылығы, әрі оның соңғы үн салуы екені көңіл бөлгізіп, тағы да құсты қадірлеу сезімін тұлғаланта түседі.

20-тақырып Оралхан Бөкей

Жоспар

1. Әңгімелері

2. «Қайдасың, қасқа құлыным» повесі

Оралхан Бөкей шығармашылығы алпысыншы жылдардан басталады. «Кербұғы», «Ардақ», «Айпара-ана», «Апамның астауы», «Құмар қол бұлғапты», «Тортай мінер ақбоз ат», «Тоқадан қалған тұяқ», «Күлпәштің ұршығы», «Құлашаның шоты еді», «Қасқыр

ұлыған түнде», «Жесірлер» әңгімелері мен «Бәрі де майдан», «Сайтан көпір», «Қар қызы», «Атаукере», «Қайдасың, қасқа құлыным» повестерінің авторы.

Қуанышбай Құрманғали О.Бөкей шығармашылығы туралы алғы сөзде былай дейді:

«Оралхан Бөкейұлы - әдебиетке бірден өз бетімен, өз жолымен келген жазушы. Ол ешкімге еліктеген, солықтаған жоқ, яғни шәкірттік кезеңді аттап өтті. Оралханның өңделген, өзгерген, қайта жазылған не жарамсыз, жарияланбай қалған бірде-бір шығармасы болмауы осы пікірімізге толық дәлел. Бұл – оның әдебиетке таланты толысып, дарыны дараланған тұста келгендігінің нақты көрінісі, Оралханның әдебиетке үлкен даярлықпен келуінің бір сыры, оның ел ішінде көбірек. Алматыға - әдеби ортаға жазушылық көзқарасы, дүниетанымы әбден қалыптасқан шақта қосылғаннан да болар.

Бөкейұлының барлық шығармаларында кездесетін тұрақты тақырып, ортақ желі бар. Ол адам мен табиғат, олардың әлімсоқтан туыстығын, тұтастығын жазушы тап болып тани біледі, сүйсіне суреттеп, жарқырата жазады. Оралханның көптің көкейіндегісін тап басып, айрықша сүйіспеншілігіне бөленуі, атының алыс елдерге танылуы да осынау шығармашылық шеберлігінің нәтижесі.

Қаламгердің көптеген шығармаларынан жолығатын кісілер типтік кейіпкерлер галереясын құрайды. Олар бір-біріне мүлде ұқсамайтын, мінездері де, көзқарастары да, іс-әрекеттері де әр алуан адамдар. Өздері қалай өзгеше болса, тағдырлары да сан тарау. Жазушының ерекшелігі, өзінің қолтаңбасы деген осы болар.

Жазушының тағы бір қыры – оның романтика мен реализмді шебер қиюластырып, оқырманның жан-дүниесін байытатын, көңілінің қалауын табатын тамаша әдеби тәсілді шебер меңгергендігі. Бұл да Бөкейұлының бір өзіне ғана тән шығармашылық ерекшелік» [1,200].

Оралхан секілді ешкімге еліктемей, өз стилін қалыптастырған жазушы сирек кездеседі. Көбісі шетел немесе қазақ әдебиетінің классиктеріне еліктейді.

Оның повестеріндегі кейіпкерлер романтикалық әдіспен сомдалады. Романтикалық дегеніміз жатып алып, бір нәрсені қиялдай беру емес, мінезі, іс-әрекеттері оғаш, қоғамға наразы, екінің бірі емес, сирек кездесетін адамдар.

Мысалы, «Қайдасың, қасқа құлыным» повесін алайық. Повесть бірінші жақтан, автордың өз атынан баяндалады. Бұл повесть те жанры жағынан лирикалық-философиялық. Бала атынан әке бейнесі ашылады. Әкесімен жолға шыққан баланың бар ойы әкесі туралы. Аналитикалық тәсіл арқылы (оймен сезім арқылы) әкесі – Бөкеш бейнесі ашылады.

«Дүниедегі ең мықты, әрі ақылды, әрі мың жасайтын тек қана менің әкем екенін, менің әкемнен асқан адамды осы жасыма дейін көрмегенімді, талай ауылды, талай қаланы аралап сандалсам да таптағанымды, тіпті енді мың жылдан соң да таба алмайтынымды, өйткені әкем мені дүниеге әкелгенін, өйткені менің әкем …

- Биенің екі өкпесін тепкілеп, тебіне берме, қызбай келеді ғой, былай шыққан соң көсемсіп аяңына басар», - деді.

Әкемнің иығындағы осынау бас маған ес білгеннен бермен таныс, көз алдымнан күн-күн сайын кетпейтін жұмыр жердің өзі сықылды.

Әр бала үшін өз әкесі өзіне асқар тау секілді, әр ұл өз әкесін өзінше пір тұтады. Мұндағы кейіпкер үшін де жер бетінде әкесіне тең келетін ешкім жоқ. Оның әкеге деген құрмет, сүйіспеншілігін, балалық сезімін көреміз.

«Маған әкем: найзалы шың, жақпар-жақпар тас қоржындаған кәрі таудың – табиғаттың тағы құбылыстарының қалтарысында оқыстан туып қалған, жез топшылы қаршығаға тым ұқшасатын; маған әкем: Алтайдың арда еркесі, бұғысы сықылданатын» [1, 136].

Оралдың әкесінің тұлғасы осылай біртіндеп биіктей береді. Ол әкесін Алтай табиғатына ұқсатады. Алтайдың қаршығасына, еркіндікті сүйетін тағы бұғысына ұқсатады. Жоғарыда айтылған адам мен табиғат үндестігі туралы меңзеп отырғанын аңғарамыз.

«Біздің шешеміздің гөрі Бәкемді әлдеқайда жанымыздай жақсы көретініміз талай жұртты таң қалдыратын. Бірақ әкемді ғұмыр бойы сүйіп өтуді сол айналайын анамыздың өзі үйреткен еді. Көңілі қалып, сезімі суымайтын, қайта ерінің амандығын мойнына бұршақ салып тілейтін, ерінің алдында бұл дүниеден аттанып-ақ кетуін тілейтін, өз күйеуінің ғана ма, иісі ер адамның амандығын тілейтін. Анам айтатын: еркектер болмаса, қай-қай дұшпанның күні болып кетер едік, қай-қай елдің етегіне жабысып, етігін жалап кетер едік; ерлер болмаса, батқан күніңнен, атқан таңыңнан не пайда, ерлер болмаса, тар құрсағың кеңи ме, тас емшегің жіби ме…

Әрине, әкем бұл пәниден қателеспей, сүттен ақ, судан таза өмір кешуде десем, онда ол тіпті де адамнан гөрі періштеге ұқсар еді. Ал менің әкем періште емес, қуана да, қайғыра да білетін, әрі қателіксіз жүрмейтін Адам ғой! Ендеше, жығылды, сүрінді, бірақ түңілген жоқ» [1, 146].

Орал әкесін құрметтеуді анасы үйреткенін айтады. Баяғының әйелдері әйел секілді, еркектері еркек қасиеттерінде болды. Сыйлауға тұрарлық ері болса, оны қандай әйел сыйламайды. Қазақ ғұрпында әйелі күйеуінің бетіне тіктеп қарамаған, атын атамаған, алдын кесе көлденең өтпеген. Оралдың әкесі мен шешесі сол баяғы жақсы ғұрыптың жұрнағы секілді. Қазір ондай адамдарды сирек кездестіресің және Орал әкесін періште сияқты етіп көрсетуден аулақ, әкесінің талай қателесіп, сүрінгенін біледі, мына өмірде қай пенденің болсын сүрінбей өмір сүруі мүмкін емесін түсінеді, бірақ, әкесі – адал адам.

Орал Қаршығаға былай дейді:

- Бүгінгі біздің қуанышымыз солардың қайғысынан, қанынан көктеген гүл секілді [1, 172].

Орал әкесінің соғысқа барғанын, одан кейін де талай қиындықтар көргенін, өздерінің өмірі оған қарағанда әлдеқайда жеңіл екенін бейнелі сөздермен түйіндейді. Қуаныш қайғы мен қаннан көктеген гүлге ұқсатылады.

Жазушы барлық шығармаларында Алтайдың әсем табиғатына табынып отырады. Сол табиғат аясындағы адамдарды суреттейді. Осы табиғаттың еркін жүрген еркесі – бұғыға адамдардың қатыгездік жасап отырғанын, олардың еркіндігін алып, ағаш қоршауда қамап ұстап отырғанын былай суреттейді:

«Арбиған аша мүйіздің түбінен дырылдатып кескенде, мүйізім жоқ менің төбе құйқам шымырлап кетті. Мен үшін бұғының мүйізін кесуден қатыгездік жоқ болып сезілді.

Кербұғының бүкіл басы қан, ал көзінен, жаудыраған тұнық қара көзінен – Аналықтың көзі іспетті өте әдемі жанарынан жас ағып тұр; және мен осынау жасқа толған аяулы да ардақты көздің аясынан өзімді, әкемді, Қаршығаны көрдім» [1, 161].

Талай жылдан бері адамдар табиғатқа үстемдік етіп, аздырып-тоздыруда. Мұны Ш.Айтматов «Жан пида» романында да айтқан. Оралдың бұғының жанарын Аналықтың жанарына ұқсатуы, оның жанарынан өздерінің бейнесін көруі бұғы да бірдей табиғат перзенті, оған қатыгездік жасағаның анаға қатыгездік жасағаныңмен бірдей дегенді білдіреді. Бұғылар емін-еркін өмір сүру үшін жаралған, олар да – табиғатты көріктендіріп тұрушы сұлулық, еркіндік символы. Бірақ адамдардың көзі қанталап, ештеңені көрмейді. Бұғыларды мүйізіне бола қамауда ұстайды. Мұның бәрін жазушы «Кербұғы» әңгімесінде өте шеберлікпен айтып кеткен.

Осы повестегі Қаршығаның атасы Сарқынды шалдың өзі ерекше кейіпкер. Тоқсандағы шалдың сипаты былай беріледі.

«Шал бері аунағанда, менің жүрегім біз сұғып алғандай дір ете қалды. Аппақ боп сұлаған аруақ көргендей сезіндім. Маған шал әлдеқашан өлген, тек рухы ғана жарық дүниені қимай, қиналып жатқандай еді. Әдемі, әрі таза аппақ сақал бүкіл өңірін жауып, ол көзі қартайған қыранның жанарындай тым-тым шыңырау тереңнен жылтырайды. Мынау көз, дәл осы қалпында, сарғайған сары даладағы жалғыз құдықтың әбден суалып, тек түбінде ғана бір ұрттам суына оқыстан нұр түсіп, жылтырағаны секілді еді. Мүмкін мынау

қаңсыған ақсақал Алтайдағы ең кәрі адам ғана емес, жүзге шығар енді қалған ең ақырғы шал шығар» [1,149].

Жазушы Сарқындыны бұрынғы қазақ өңірінің, бұрынғы байлық, еркіндіктің сарқындысы ретінде беріп отырған секілді. Сарқынды өзін өліп қалған ретінде көрсетіп, соғысқа да бармаған. Ол – хан тұқымы.

«Сырбаз қимыл, тәкаппар да кербез қылықтарының жұрнағы-ақ шалдың жас шағында сал-сері болғанын аңғартса, әкем екеуміз әрең көтерген алпамсадай денесі атан жілік сіңірлі батыр болғанына куә іспетті» [1, 151].

Сарқынды – баяғы батырлардың соңы. Оның ішінде шемен боп қатып жатқан шер бар.

Әдебиет

1. Бөкей О. Кербұғы. А., 2003.
2. Уақыт және қаламгер. А, 1990 (Е.Аманшаев).

7 Тәжірибешілік сабақтардың мазмұны

1-тақырып. Орхон жазуындағы жәдігерліктер

Жоспар:

1. Орхон-енисей ескерткіштері
2. Күлтегін жыры
3. Тонықөк жыры

Тапсырмалар:

1. Жай конспект жаз.
2. Күрделі конспект жаз.
3. Аралас конпект жаз.

Берілген үш сұрақ бойынша мағлұматтармен танысып, жай, күрделі, аралас конспекті жасаңыз.

Ұсынылатын әдебиет: [1], 1-22 беттер; [4], 1-47 беттер.

«Күлтегін» жырының көркемдік ерекшелігі

Жоспар:

1. «Күлтегін», «Білге қаған» және «Тонықөк» жырларының көркемдік ерекшелігі.
2. Тасқа жазылған дастандардың композициялық құрылысы.
3. «Күлтегін» жыры мен қазақ эпосы.

Тапсырмалар:

1. «Күлтегін» жырын жаттау.
2. «Күлтегін» және «Тонықөк» жырларының композициясы мен сюжетіне талдау.
3. «Күлтегін» жыры мен қазақ эпосының байланысы мен ұқсастығы туралы тезис жаса.

Жырлардағы түсініксіз сөздерге глосарий құрастыр.

Ұсынылатын әдебиет: [8], 1-22 беттер; [4], 1-47 беттер.

2-тақырып. Қорқыт ата кітабы

Жоспар:

1. Қорқыт ата кітабы.
2. Тасқа жазылған дастандардың композициялық құрылысы.
3. Қорқыт ата мұрасының зерттелуі.

Тапсырмалар:

1. Қорқыт ата кітабы. 12 жырды оқу.
2. 12 жыр бойынша сұрақтар құрастыру (әрбір жырға 10 сұрақтан).

3. Қорқыт атаның нақыл сөздерін жаттау.

Ұсынылатын әдебиет: [6], 1-22 беттер; [4], 1-47 беттер.

«Оғыз-наме» эпосы

Жоспар:

1. «Оғыз-наме» эпосы.
2. «Оғыз-наме» эпосының нұсқалары.
3. «Оғыз-наме» эпосының зерттелуі.
4. «Оғыз қаған» эпосы мен «Қобыланды батыр» жырының ұқсастығы.

Тапсырмалар:

1. «Оғыз-наме» жырын оқу.
2. 12 жыр бойынша сұрақтар құрастыру (әрбір жырға 10 сұрақтан).
3. «Оғыз қаған» эпосы мен «Қобыланды батыр» жырын салыстырып, ұқсас жерлерін конспектілеу.

Ұсынылатын әдебиет: [6], 1-22 беттер; [4], 1-47 беттер.

3-тақырып. Әбу-Насыр әл-Фараби (870-950)

Жоспар:

1. әл-Фарабидің ғылыми зерттеу еңбектері.
2. «Қайырымды қала тұрғындары», «Бақытқа жету жайында» трактаттарының әдеби мәні.

Тапсырмалар:

1. «Қайырымды қала тұрғындары» атты философиялық трактатын оқып, түйін жазу (Негіз: Қазақ прозасы. Хрестоматия. 1-том. Алматы, Ғылым, 2001; 34-81 беттер).
2. Бақытқа жету жайында» атты әлеуметтік-этикалық трактат бойынша жоспар құру. (Негіз: Қазақ прозасы. Хрестоматия. 1-том. Алматы, Ғылым, 2001; 14-34 беттер).

Трактаттардағы түсініксіз сөздерге глосарий құрастыр.

Ұсынылатын әдебиет: [6], 1-22 беттер; [4], 1-47 беттер.

4-тақырып. М.Қашғари «Диуани лұғат ат-түрк (Түркі сөздерінің жинағы»)

Жоспар:

1. «Диуани лұғат ат-түрік» сөздігінің әдеби мәні, зерттелуі.
2. Сөздіктегі мақал-мәтелдер, тұрмыс-салт жырлары.
3. Сөздіктегі табиғат туралы, аңшылық жайындағы өлең-жырлар.

Тапсырмалар:

1. Мақал-мәтелдерді теріп жазу.
2. Тұрмыс-салт жырларын қазақ тұрмыс-салт жырларымен салыстыр, ұқсастығын дәделде.
3. Табиғат туралы: жаз бен қыстың айтысын, аңшылық жайындағы өлең-жырларды конспектілеу.
4. Сөздіктегі түркі тілдеріне тән қолданыстарды, сөздерді тауып жаз.

Сөздіктегі түсініксіз сөздерге глосарий құрастыр.

Ұсынылатын әдебиет: [6], 1-22 беттер; [4], 1-47 беттер.

Ж. Баласағұн «Құтадғу біліг (Құтты білік»)

Жоспар:

1. Ж.Баласағұнның «Құтты білік» дастанының зерттелуі, нұсқалары.
2. Дастанның сюжеті, құрылысы.

3. «Құтты біліктегі» «ақыл», «білім», «әдептілік», «тәлім-тәрбие» туралы.

Тапсырмалар:

1. «Құтты біліктегі» берілген үзіндіні жаттау.
2. Дастандағы көркемдік ерекшелігіне мысалдар теру (20 мысал).

Дастандағы түсініксіз сөздерге глосарий құрастыр.

Ұсынылатын әдебиет: [6], 1-22 беттер; [4], 1-47 беттер.

5-тақырып. А.Иүгінеки. «Хибатул-Хақайық» («Ақиқат сыйы»)

Жоспар:

1. А.Иүгінеки. «Хибатул-Хақайық» («Ақиқат сыйы») дастанының зерттелуі, нұсқалары.
2. Дастанның көркемдік ерекшелігі.
3. Дастанның негізгі тарауларының тақырыптық атаулары.

Тапсырмалар:

1. «Ақиқат сыйы» дастанынан үзінді жаттау.
2. Дастандағы «Бұл кітаптың жазылу себебі мен оның қажеттілігі», «Білімнің пайдасы мен оның қажеттілігі», «Білімнің пайдасы мен надандықтың зияны туралы», «Тілді тыю - әдептілік пен тәртіптіліктің шарты екендігі туралы» тарауларды Ж.Баласағұнның «Құтты білігіндегі» тіл, білім мәселесі туралы айтқандарымен салыстыру.

Дастандағы түсініксіз сөздерге глосарий құрастыр.

Ұсынылатын әдебиет: [6], 1-22 беттер; [4], 1-47 беттер.

А. Яссауи «Диуани хикмат» («Даналық кітабы»)

Жоспар:

1. «Диуани хикмат» дастанының зерттелуі, нұсқалары.
2. Дастанның көркемдік ерекшелігі.
3. С.Бақырғанидың «Бақырғани кітабы».

Тапсырмалар:

1. Берілген үзіндіні жаттау.
2. Көркемдігіне картотека теру (25 картотека).

Ұынылатын әдебиет: [6], 1-22 беттер; [4], 1-47 беттер.

Хикметтегі түсініксіз сөздерге глосарий құрастыр.

Н.Рабғузи. «Рабғузи қиссалары», «Кодекс куманикус» жинағы.

Жоспар:

1. «Рабғузи қиссалары».
2. «Кодекс куманикус» сөздігі.

Тапсырмалар:

1. «Рабғузи қиссалары» кітабынан Жер мен Көктің жаралуы, Адам ата мен Хауа ана, Нұх (ғ.с.), Мұса (ғ.с.), Дәуіт (ғ.с.), Сүлеймен (ғ.с.), Жүсіп (ғ.с.), Ибрахим (ғ.с.) және т.б. пайғамбарлар өмірі туралы оқу.
2. «Қыпшақтар сөздігіндегі» жұмбақтар, христиан аңыздарынан алынған түрлі уағыз-өсиет сөздерді оқу.

Берілген тапсырмалар бойынша түсініксіз сөздерге глосарий құрастыр.

Ұсынылатын әдебиет: [6], 1-22 беттер; [4], 1-47 беттер.

6-тақырып. **Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет. XY-XYI ғасырлардағы қазақ әдебиеті.**

Жоспар:

1. XY-XYI ғасырлардағы қазақ әдебиетінің зерттелуі.
2. Асан қайғы өмірі, шығармашылығы, толғаулары.

3. Қазтуған жырау шығармашылығы.

Берілген жыраулар бойынша түсініксіз сөздерге глосарий құрастыр.

Тапсырмалар:

1. «Қасым ханның қасқа жолын» оқу.

2. XYI ғ. екінші жартысында әлсіреген хандықты біріктіруде Ақназар ханның үлесі туралы тарихи деректерге сүйеніп, материалдар жинастыр.

3. Асан қайғы Әз Жәнібек ханға айтқан арнау-толғауларын, «Ай, хан, мен айтпасам, білмейсің», «Қилы-қилы заман болмай ма» тирадасын жаттау.

3. Қазтуғанның «Бұдырайған екі шекелі» толғауын жаттау.

4. Мұрат ақынның «Қазтуған» деген жыр толғауын оқу.

Берілген жыраулар бойынша түсініксіз сөздерге глосарий құрастыр.

Ұсынылатын әдебиет: [11], 61-82 беттер; [12], 19-27 беттер.

XYI ғ. қазақ әдебиеті. Доспамбет жырау. Шалкиіз жырау.

Жоспар:

1. Доспамбет жырау шығармашылығы.

2. Шалкиіз арнау толғаулары.

Тапсырмалар:

1. Доспамбеттің «Тоғай, тоғай, тоғай су» толғауын жаттау.

2. Шалкиіздің «Аспанды бұлт құрсайды», «Қара бас күспен шалдырып» өлеңдерін жаттау.

Берілген жыраулар бойынша түсініксіз сөздерге глосарий құрастыр.

Ұсынылатын әдебиет: [13], 81-96 беттер; [14], 89-110 беттер.

XYII ғ. қазақ әдебиеті. Жиембет жырау Марғасқа жырау.

Жоспар:

1. Жиембет Бортоғашұлы толғаулары.

2. Марғасқаның «Ей, Қатағанның хан Тұрсын» толғауының шығу тарихы.

Тапсырмалар:

1. Жиембеттің арнау-толғауларындағы билеуші мен жырау арасындағы қайшылықтардың суреттелуі және хан дәрменсіздігінің әшкереленуі, толғаудың сыншылдық сипаты туралы баяндама жаса.

2. Марғасқа жырау «Ей, Қатағанның хан Тұрсын» толғауын жаттау.

Берілген жыраулар бойынша түсініксіз сөздерге глосарий құрастыр.

Ұсынылатын әдебиет: [13], 56-68 беттер; [14], 96-123 беттер.

XYIII ғ. қазақ әдебиеті. Бұқар жырау.

Жоспар:

1. Бұқар жырау толғаулары.

Тапсырмалар:

1. Бұхар жыраудың берілген толғауларын жаттау.

Берілген жыраулар бойынша түсініксіз сөздерге глосарий құрастыр.

Ұсынылатын әдебиет: [13], 98-119 беттер; [14], 76-93 беттер.

7-тақырып XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті

Жоспар:

1. Абай Құнанбаев поэзиясы
2. Махамбет өлеңдері
3. Ыбырай әңгімелері
4. Зар заман ақындары

Тапсырмалар:

1. Абайдың табиғат лирикасы
2. Абайдың саяси-әлеуметтік өлеңдері
3. Абайдың поэмалары
4. Абайдың қарасөздері: 2,8,9,10,16,37,38
5. Абайдың аудармалары
6. Махамбет өлеңдеріндегі ақынның өз бейнесі және Исатай бейнесі
7. Ыбырайдың «Бай баласы мен жарлы баласы», «Әке мен бала», «Бір уыс мақта» әңгімелері

4. Зар заман поэзиясы. Қазақ әдебиеті тарихындағы зар заман ағымы

Жоспар:

1. Зар заман поэзиясы
2. Зар заман поэзиясы туралы зерттеулері

Тапсырмалар:

1. Зар заман дәуірі әдебиетінің аса көрнекті өкілдері – Шортанбай, Дулат, Мұрат, Шернияз, Әбубәкір,т.б. шығармашылық мұрасының әдебиет тарихындағы орны. Радлов, Алтынсарин, Байтұрсынов, Х.Досмұхамедұлы, С.Сейфуллин, С.Мұқанов, Ә.Қоңыратбаев, Қ.Жұмалиев, Е. Ысмайылов, т.б. ғалымдар зар заман поэзиясы туралы. Зар заман ағымының көрнекті тұлғаларының шығармашылық мұрасын қазіргі кезеңде зерттеу. А.Шәріп, Б.Омаруұлы, Қ.Раев, Қ.Мәдібай, т.б. зерттеу еңбектері.
2. Зар заман поэзиясы туралы М.Әуезовтің пікірі.

Ұсынылатын әдебиет: [6], 1-22 беттер; [4], 1-47 беттер.

Шортанбай Қанайұлының әдеби мұрасы

Жоспар:

1. Өмірінен мәлімет
2. Шығармашылық мұрасы
3. Толғауларының көркемдігі

Тапсырмалар:

1. Шортанбай Қанайұлының өмірі (1818-1881). Шығармашылық мұрасы. Толғаулары, айтыстары. «Ағыбай батыр» дастаны. Ақынның 1880 жылғы «Бала зары» жинағы. «Зар заман», «Тар заман», т.б. толғауларындағы замана күйі. Ел мінезі. Отаршылдық саясатқа наразылық, қарсылық сарын. Шортанбай өлеңдеріндегі дін, иман жайы. Ақын толғауларының өлең құрылысы, тіл кестесі.
2. Шортанбай Қанайұлы шығармашылық мұрасының зар заман әдебиеті аясында зерттеліп, бағалануы. Шортанбай шығармашылығының зар заман ағымының туып, қалыптасуындағы орны жайлы М.Әуезов, С.Мұқанов, т.б. ғалымдардың тұжырымдары. Шортанбай ақынның қазақ әдебиеті тарихындағы орны.

Ұсынылатын әдебиет: [6], 1-22 беттер; [4], 1-47 беттер.

Дулат Бабатайұлының шығармашылығы

Жоспар:

1. Өмірбаян деректері
2. Шығармашылық мұрасының сақталуы, басылым, жариялану, зерттелу жайы
3. «Сүлейменге», «Бараққа», «Кеңесбайға» арнауларындағы заман күйі, ел мінезі
4. «Аққайлау мен Сандықтас», «Ата қоныс Арқадан», «Таудың жарып арасын» өлеңдеріндегі атақоныс, туған жер сарыны
5. Өлең, ақындық, сөз өнері жайлы шығармалары. «Тегімді менің сұрасаң», «Сүлейменге», «Сөзім бар да, көзім жоқ» өлеңдері
6. «Еспенбет» дастанындағы ерлік, елдік дәстүр
7. Мысалдары

8. Дулат және Абай поэзиясындағы ұқсастық, дәстүр сабақтастығы

Тапсырмалар:

1. Өмірбаян деректері (1802-1874). Шығармашылық мұрасының сақталуы, басылым, жариялану, зерттелу жайы. Дулат ақынның «Сүлейменге», «Бараққа», «Кеңесбайға» арнауларындағы заман күйі, ел мінезі. «Ақжайлау мен Сандықтас», «Ата қоныс Арқадан», «Таудың жарып арасын» өлеңдеріндегі атақоныс, туған жер сарыны. Өлең, ақындық, сөз өнері жайлы шығармалары. «Тегімді менің сұрасаң», «Сүлейменге», «Сөзім бар да, көзім жоқ» өлеңдері. «Еспенбет» дастанындағы ерлік, елдік дәстүр. Мысалдары.

2. Дулат және Абай поэзиясы. Дулат Бабатайұлы – Абайға шейінгі қазақ поэзиясының аса көрнекті өкілі. Қазақ поэзиясының дәстүрлі үлгілерін түлетіп түрлендірген, жаңа көкжиектерін көтерген суреткер. Х.Сүйіншәлиев және дулаттану ілімі. Дулаттың өлең өрімі, тіл кестесі жайлы Қ.Өмірәлиев, Р.Сыздықова пікірлері.

Ұсынылатын әдебиет: [6], 1-22 беттер; [4], 1-47 беттер.

Мұрат Мөңкеұлының ақындық мұрасы

Жоспар:

1. Өмірбаяны, әдеби мұрасының зерттелуі
2. Ақынның заманға, отаршылдыққа наразылықтан туған жырлары

Тапсырмалар:

1. Мұраттың өмірбаяны (1843-1906). Ақынның әдеби мұрасының негізгі арналары. Арнау өлеңдері. Айтыстар. Эпикалық шығармалар. Толғаулар. Ақынның заманға, отаршылдыққа наразылықтан туған жырлары. Батырлыққа, ерлікке, ізгілікке үндеуі. Мұрат ақынның «Үш қиян», «Сарыарқа» дастандарындағы атамекен зары, елден, жерден айрылу сарыны. «Жалпыға айтқаны» толғауы, «Арғымақ сайлап не керек», «Жігітті көркем көрсетші», «Айшықты ала ту тіккен», «Жалп-жалп ұшқан жапалақ» өлеңдері. Жантолы қызбен айтысы. «Шалгез», «Қазтуған», «Қарасай-Қази» жырлары.

2. Мұрат – Махамбет және басқа да ақын-жыраулар мұрасын сақтап, кейінгіге жеткізуші.

3. Мұрат Мөңкеұлының шығармашылық мұрасының басылым көру, көркемдік-теориялық жақтан негізделіп зерттелуіндегі Х.Досмұхаметұлы, С.Мұқанов, Қ.Жұмалиев, Х.Сүйіншәлиев, Б.Омарұлы еңбектері.

Ұсынылатын әдебиет: [6], 1-22 беттер; [4], 1-47 беттер.

8-тақырып XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті

Жоспар:

1. А.Байтұрсынов шығармашылығы
2. М.Дулатов шығармалары
3. С.Торайғыров шығармалары
4. Шәкәрім поэзиясы

Тапсырмалар:

1. Байтұрсыновтың «Маса», «қырық мысал» жинақтары
2. М.Дулатовтың «Алашқа» өлеңі, «Бақытсыз Жамал» романы
3. Сұлтанмахмұттың «айтыс» поэмасы
4. Шәкәрім өлеңдеріндегі оқу, тәрбие мәселесі

9-тақырып М.Жұмабаев

Жоспар:

1. Мағжан романтизмі
2. Мағжанның табиғат лирикасы
3. Мағжанның поэмалары

Тапсырмалар:

1. Қ.П.Жүсіптің «Стиль және бейнелілік» кітабы бойынша Мағжан романтизміне талдау жасау.

2. «Батыр Баян» поэмасындағы Баян, Ноян, қалмақ қызы бейнелері

3. «Қорқыт», «Қойлыбайдың қобызы» поэмаларының идеясы

10-тақырып Ж.Аймауытов

Жоспар:

1. «Ақбілек» романы

Тапсырмалар:

1. Ақбілек, Қарамұрт, Бекболат, Мұқыш бейнелерін талдау

2. Романдағы психологизм, деталь, монологтарға мысалдар келтіру

11-тақырып С.Сейфуллин

Жоспар:

1. «Далада» өлеңіндегі романтизм

2. «Көкшетау» поэмасы

Тапсырмалар:

1. «Қазақ лирикасындағы стиль және бейнелілік» кітабы бойынша Сәкен өлеңдеріне талдау жасау

2. «Көкшетау» поэмасындағы Адақ, қалмақ қызы, Абылай бейнелері

12-тақырып Б.Майлин

Жоспар:

1. «Қара шелек», «Желдібай Жындыбаев», «Күлпаш», «Күлтай болыс», «Ұлбосын» әңгімелері

2. «Шұғаның белгісі», «Раушан - коммунист» повестері

Тапсырмалар:

1. «Қара шелек» әңгімесіндегі Айша мен қара тоқалды салыстырыңдар. Шелек арқылы жазушы нені айтқысы келген? Әңгімедегі детальдар мен психологизмге мысал келтіріңдер. «Желдібай Жындыбаев» әңгімесіндегі Желдібайдың сөздеріне, әрекеттеріне мән беріңдер. «Күлтай болыстағы» Күлтайға мінездеме беріңдер. Күлтайдың болыс болғандағы басынан өткендерін, күйеуіне қалай қарағанын сипаттаңдар.

2. «Шұғаның белгісі» повесіндегі Шұғаның ақылды, ұстамдылығына мысал келтіріңдер. «Раушан - коммунист» повесіндегі Раушанға мінездеме беріндер. Қаладағы Раушанның көргендеріне талдау жасаңдар.

13- тақырып І.Жансүгіров

Жоспар:

1. Ілияс өлеңдеріндегі романтизм

2. «Құлагер» поэмасы

Тапсырмалар:

1. Қ.П.Жүсіптің «Қазақ лирикасындағы стиль және бейнелілік» кітабы бойынша Ілияс романтизміне талдау жасаңдар.

2. Қ.П.Жүсіптің «Мектепте әдебиетті оқыту» кітабы бойынша «Құлагер» поэмасына талдау жасаңдар.

14-тақырып. М.Әуезов шығармалары

Жоспар

1. «Қорғансыздың күні», «Оқыған азамат», «Сөніп-жану», «Көксерек», «Кінәмшіл бойжеткен», «Жетім» әңгімелері
2. «Қараш-Қараш оқиғасы», «Қилы заман» повестері
3. «Еңлік-Кебек», «Түнгі сарын» драмалары
4. «Абай романы» туралы пікірлер
5. «Абай» романындағы Құнанбай, Абай бейнелері
6. Романдағы жазушының сөз қолданысы

Тапсырмалар:

1 «Көксерек», «Қорғансыздың күні», «Кінәмшіл бойжеткен», «Оқыған азамат», «Сөніп-жану», «Жетім», «Ескілік көлеңкесінде» әңгімелерінің кейіпкерлері, көркемдік детальдар, жазушылық шеберлік.

2. Әуезовтің «Қараш-Қараш оқиғасы» повесіндегі Бақтығұл, Тектіғұл,Жарасбай бейнелері. Толстой стиліне тән психологизмнің кейбір әсерлері.

«Қилы заман» (1928) повесі. Повестің ел басқарудың әкімшілдік-әміршілдік жүйесінің тұсында оқылуға тыйым салынуы. Жетісу өңіріндегі 1916 жылғы көтерілістің суреттелуі. Ұзақ, Жәмеңке, Серікбай сияқты халық өкілдерінің образдары. Рахымбай, Түнғатар, Ақжелке тәрізді ұнамсыз типтер. Повестің баяндау жүйесінің ерекшеліктері. Портрет пен пейзаж. Адам характерін жасаудағы диалогтың мәні.

3. «Еңлік-Кебек»(1917).Еңлік, Кебек, Есен, Жапал бейнелерінің жасалу тәсілдері. Билер айтысындағы шешендік.Қараменде бидің сөздері.

«Түнгі сарын»(1934) пьесасында 1916 жылғы көтерілістің көркем бейнеленуі. Драмалық шиеленіске толы тартыс таңбасы. Жантас,Тәнеке,Жүзтайлақ , Кәрім образдары.

4. Ғ.Мүсіреповтің «Абай» романы туралы атты мақаласын оқыңдар («Суреткер парызы» кітабында)
5. «Абай» романындағы Құнанбай бейнесін ашатын мысалдар келтіріңдер
6. Абай бейнесіне мысалдар келтіріңдер
7. Романдағы жазушының сөз қолданысындағы шеберлікке мысалдар келтіріңдер

15-тақырып Ғ.Мүсірепов шығармалары

Жоспар

1. «Ер ана» әңгімесі
2. «Ақлима» әңгімесі
3. «Сөз жоқ, соның іздері» әңгімесі
4. «Қазақ солдаты» романы
5. «Оянған өлке» романы
6. «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» трагедиясы

Тапсырмалар:

1 «Ер ана» әңгімесіндегі Наталья бейнесін ашыңдар

2 «Ер ана» әңгімесіндегі детальдарға көңіл бөліңдер

3. «Ақлима» әңгімесіндегі Ақлима бейнесіне тоқталыңдар.

4. «Сөз жоқ, соның іздері» әңгімесіндегі «із» сөздерінің қолданылу ерекшеліктері. Шамның шақырайып жануы нені білдіреді. Айдарбектің көзінің «үшбұрыштанып кетуі» нені білдіреді?

5. «Қазақ солдаты» романындағы Қайрош бейнесі.

6. «Оянған өлке» романындағы Игілік, Жұман бейнелері

7. «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» трагедиясындағы Қарабай, Қозы, Баян, Қодар, Жантық бейнелері

Әдебиет:

1 Қирабаев С. Кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиеті. Алматы, 1998

2 Қазақ әдебиетінің қысқаша тарихы. Алматы, 2002

16-тақырып С.Мұқанов

Жоспар:

1. «Балуан Шолақ» повесі
2. «Аққан жұлдыз» романы

Тапсырмалар:

1. «Балуан Шолақ» повесіндегі Балуан Шолақ бейнесін ашыңдар. Шығарма көркемдігіне мысал келтіріңдер.
2. «Аққан жұлдыз» романындағы Шоқан бейнесіне тоқталыңдар.

17-тақырып Ә.Нұрпейісов

Жоспар:

1. «Қан мен тер» романы

Тапсырмалар:

1. Тәңірберген, Еламан, Ақбала бейнелеріне талдау жасау. Тәңірберген, Еламан монологтарындағы заман туралы толғаныстар, бүгінгі көзқараспен қайта қарау.

18-тақырып Қ.Аманжолов өлеңдері

Жоспар:

1. «Байкал», «Бурабай толқындары», «Үстімде сұр шинелім», «Дариға, сол қыз» өлеңдері

Тапсырмалар:

1. Қ.П.Жүсіптің «Қазақ лирикасындағы стиль және бейнелілік» монографиясы бойынша Қ.Аманжолов өлеңдерін талдау

19-тақырып М.Мақатаев

Жоспар:

1. Мұқағалидің табиғат лирикасы
2. «Аққулар ұйықтағанда» поэмасы

Тапсырмалар:

1. Мұқағалидің табиғат туралы өлеңдеріндегі ерекшеліктер
2. Қ.П.Жүсіптің «Мектепте әдебиетті оқыту» кітабы бойынша «Аққулар ұйықтағанда» поэмасын талдаңдар.

20-тақырып О.Бөкей

Жоспар:

1. «Апамның астауы» әңгімесі
2. «Қайдасың, қасқа құлыным» повесі
3. «Атаукере» повесі

Тапсырмалар:

1. «Апамның астауы» әңгімесіндегі кейіпкер апасына мінездеме беріңдер. Ғ.Мүсірепов сомдаған қазақ әйелдерінен қандай айырмасы бар?
2. «Қайдасың, қасқа құлыным» повесіндегі әкелерді ардақтау идеясына мысал келтіріңдер. Повестегі адам және табиғат мәселесіне тоқталыңдар.
3. «Атаукере» повесіндегі Ерік, Таған бейнелеріне тоқталыңдар.

8 СӨЖ тапсырмалары
Студенттерге өздігінен оқуға берілетін тақырыптар

1. Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» дастанындағы оқу-білім мәселесі.

Тақырып бойынша тапсырмалар

1. Дастандағы оқу-білім туралы бәйіттер
2. «Құтты білік» дастаны мен жыраулар толғауларының идеялық ұқсастығы

2. М.Мағауин - әдебиет тарихын зерттеуші.

Тақырып бойынша тапсырмалар

1. М.Мағауиннің «Қобыз сарыны» еңбегі
2. М.Мағауин - «Алдаспан», «Бес ғасыр жырлайды», «Ай, заман-ай, заман-ай» атты антологияларын құрастырушы

3. Толғау жанрының табиғаты туралы.

Тақырып бойынша тапсырмалар

1. Толғау жанрының XV-XVII ғасырлардағы үлгілері, ерекшеліктері
2. Толғау жанрының қалыптасуы, дамуы, оның ерекшелігі

4. Абай өлеңдерінің құрылысы

Тақырып бойынша тапсырмалар

1. «Абай» энциклопедиясындағы Абай өлеңдерінің құрылысына байланысты мақаланы конспектілеңдер.

5. Махамбет-Исатай көтерілісі

Тақырып бойынша тапсырмалар

1. Халел Досмұхамедұлының «Аламан» кітабындағы «Исатай-Махамбет» зерттеуіне тоқталыңдар.

6. Шәкәрім поэмалары. «Қалқаман-Мамыр», «Еңлік-Кебек, «Ләйлі-Мәжнүн»

Тақырып бойынша тапсырмалар

1. Поэмалардағы кейіпкерлерге талдау жасаңдар.

7. М.Әуезовтің «Абай жолы» романы бойынша картотекалар теру

9 Реферат тақырыптары.

1. Қожа Ахмет Яссауидің «Даналық кітабы» және ислам діні
2. М.Әуезовтің «Абай жолы» романының зерттелуі
3. М.Жұмабаевтың шығармаларының зерттелуі
4. С.Сейфуллиннің шығармашылық өмірбаяны
5. І.Жансүгіровтің ығармашылық өмірбаяны
6. Б.Майлиннің шығармашылық өмірбаяны
7. Ғ.Мүсіреповтің шығармашылық өмірбаяны

10 СОӨЖ кеңестерінің кестесі

№	Сабақ түрлері	дүйсенбі	сейсенбі	сәрсенбі	бейсенбі	жұма	сенбі
1.	Дәріс бойынша кеңестер	13.40 14.30					
2.	Тәжірибе	14.45					

	лік сабақтар бойынша кеңестер	15.35					
3.	СӨЖ бойынша кеңестер	15.50 16.40	14.45 15.35			10.25 11.15	
4.	Реферат бойынша кеңестер	13.40				11.30 12.20	
5.	Тест сұрақтары бойынша кеңестер	13.40 14.30				12.35 13.25	

11 Пән бойынша тапсырманы орындау және тапсыру кестесі

№	Жұмыс түрі	Тапсырманың мазмұны, мақсаты, тақырыбы	Қолданылатын әдебиет	Орындалу ұзақтығы	Бақылау түрі	Бақылауды тапсыру мерзімі
1	2	3	4	5	6	7
1	СӨЖ бойынша кеңестер беру	Әрбір студентке СӨЖ тақырыптары бөлініп беріледі. Соған байланысты оқытушы кеңестер береді. Жоспар жасалады, қажетті әдебиеттер ұсынылады.		1 апта	Жоспарларын тексеру. Ізденген материалдармен жұмыс жасау	1-аптаның соңы
2	Күрделі конспект	Халел Досмұхамедұлының «Аламан» кітабындағы «Исатай-Махамбет» зерттеуіне тоқталыңдар.		1 апта	Күрделі конспект жазу	2-апта
3	Сұрақтар құрастыру	«Құтты білік» дастанындағы оқу-білім туралы бәйіттер		1 апта	Сұрақтар құрастыру (20 сұрақ)	3-апта
4	Жай конспект	«Құтты білік» дастаны мен жыраулар толғауларының идеялық ұқсастығы		1 апта	Жай конспект	4-апта
5	Мақала	Абай өлеңдерінің құрылысы		1 апта	Мақала жазу	5-апта
6	Реферат	М.Әуезовтің «Абай жолы» романының зерттелуі		1 апта	Картотек теру (30)	6-апта

7	Күрделі конспект	М.Жұмабаевтың шығармаларының зерттелуі		1 апта	Күрделі конспект	7-апта
8	Баяндама	М.Мағауин - әдебиет тарихын зерттеуші		1 апта	Баяндама жазу	8-апта
9	Реферат	Шәкәрім поэмалары. «Қалқаман-Мамыр», «Еңлік-Кебек, «Ләйлі-Мәжнүн»		1 апта	Реферат-ты қорғау	9-апта
10	Эссе	Абай қарасөздерінің бүгінгі күндегі маңызы		1 апта	Эссе қорғау	10-апта
11	Аралас конспект	С.Сейфуллиннің шығармашылық өмірбаяны		1 апта	Аралас конспекті жазып, қорғау	11-апта
12	Публицис-тикалық мақала	О.Бөкейдің «Атаукере» повесіндегі көкейтесті мәселелер		1 апта	Рефератты қорғау	12-апта
13	Тезис	Б.Майлиннің шығармашылық өмірбаяны		1 апта	Тезисті конспектіле п, қорғау	13-апта
14	Картотека	М.Әуезовтің «Абай жолы» романы бойынша		1 апта	Шығарма жазу	14-апта
15	СОӨЖ қорытын-дысы: нәтижелер, ұсыныстар , өткен сабақтарға талдау	СОӨЖ бізге не берді?		1 апта	Шығарма Ойтолғау Мазмұн-дама	15-апта

12 Курс саясаты

Оқу процесіне қатысу дегеніміз – сабаққа қатысу, пікірталаста және топ жұмысында белсенділік көрсету, топтастарының оқуына әсер ету. Студент аудиториялық сабақтарға, міндетті түрде дәріс сабақтарына, тәжірибешілік сабақтарға қатысып, кешікпей, берілген тапсырмаларды уақытында орындауы керек, сондай-ақ ішкі ережелерді сақтап, өздеріне тиісті жүктелген міндетті дұрыс атқаруы керек. Сабақты босатқан жағдайда деканаттың шешімімен босатқан сабақты қайта толықтырады.

Сабаққа екі рет кешігу – бір рет босату болып есептеледі. Сабақты екі реттен артық босатса, оқытушы студентті сабаққа кіргізбеуге құқығы бар.

Студентке берілген тапсырманы уақытында тапсыру керек. Емтихан сессиясына үш күн қалған кезде тапсыру ең кеш тапсыру болып саналады.Берілген тапсырманы және курстық жұмысты тапсырмаған студенттер емтиханға кіре алмайды.

Қойылған талаптар орындалмаса, жаза қолданылады. Сабаққа 100 пайыз қатысып, берілген тапсырмаларды уақытымен және дұрыс орындаса – ең жоғарғы балл 100 б. қойылады.

Студенттердің білімін аралық бақылау тест немесе жазбаша бақылау жұмысы түрінде жүргізіледі.

Осы көрсеткіштер орындалмаған жағдайда жеткіліксіз немесе айып санкциялары қолданылады:

1) сабақты босату (себепсіз);
2) тапсырмаларды уақытымен орындамау;
3) тапсырмаларды орындау барысында қателіктер жіберу, яғни,студент материалды толық меңгермеген жағдайда.

Егер студент сабаққа себепті жағдаймен келе алмаса, келесі аптада сол сабаққа өтеу (отработка) жасайды. Бірақ ұпай азайтылады.

13 Қолданылатын әдебиеттер тізімі

Негізгі:

1. Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы. Алматы, 2010
2. Кенжебайұлы Б. Түрік қағанатынан бүгінгі күнге дейін. Алматы, 2010
3. Жанайдаров О. Баласағұн Жүсіп. Алматы, 2009
4. Қыраубаева А. Ежелгі әдебиет. Алматы, 2009

Қосымша:

5. Келімбетов Н.Ежелгі әдеби жәдігерліктер. Алматы, 2005
6. Келімбетов Н.Ежелгі дәуір әдебиеті.Алматы, 2005
7. Машани Ақжан. Әл-Фараби көпірі. Алматы, 2005
8. Әуезов М. Әдебиет тарихы. Алматы, 1991
9. Байтұрсынов А. Ақ жол. Алматы, 1991
10. Досмұхамедұлы Х. Аламан. Алматы,1991
11. Сейфуллин С. Қазақ әдебиеті. Алматы,1992
12. Тлепов Ж. Тарих және әдебиет. Алматы, 2000
13. Қоңыратбаев Ә. Қазақ әдебиетінің тарихы. Алматы: Жазушы, 1994